Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру институты

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы

Бекітемін
Қарағанды академиясы
бастығының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор,
полиция полковнигі
З.С. Тоқыбаев
«___»________ 2018 ж.

# «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама теориясының ғылыми негіздері» пәні бойынша оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)

**(ғылыми және педагогикалық магистранттары үшін)**

**6М030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы**

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр: 1
кредит саны: 1
дәріс: 7
семинар: 4
тәжірибелік сабақтар: 4
МОӨЖ: 15
МӨЖ: 15
Емтихан (сынақ): емтихан 2-семестр.

Қарағанды 2018

**«Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама теориясының ғылыми негіздері» пәні бойынша 6М030300 – Құқық қорғау қызметі мамандыққа арналған оқыту бағдарламасы**
**(SYLLABUS)**

Құрастырған:_Дюсенов Кайржан Ермекович_
қылмыстық құқық және криминология
кафедрасының  оқытушысы,
полиция майоры

Кафедра мәжілісінде қарастырылып, мақұлданды  «05» маумым 2018 ж., №24 хаттама.

Кафедра бастығы_____________Алтайбаев С.Қ.

ОӘК мәжілісінде бекітілген
«__»______ 2018 ж., №__хаттама

© Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б:Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2018 ж.

**2.1 Негізгі ақпарат:**

| | |
|---|---|
| 1. Шифр және мамандық атауы | 6М030300 мамандығы – Құқық қорғау қызметі |
| 2. Курс, семестр | 1 курс, 1 семестр |
| 3. Пән циклы | Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама теориясының ғылыми негіздері |
| 4. Кредит саны | 1 |
| 5. Сабақ өткізу орны | Магистратура дәрісханасы |
| 6.Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты) | Ө. А. Тұрғанов<br>қылмыстық құқық және криминология<br>кафедрасының доценті, з.ғ.м.,<br>полиция подполковнигі |
| 7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар<br>(Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты) | К.Е.Дюсенов<br>қылмыстық құқық және криминология<br>кафедрасының оқытушысы,<br>полиция майоры |

**2.2 Пререквизиттер**: Аталған пәнді зерделеу үшін магистранттар (бакалавриат) ең алдымен жоғары негізгі білімді немесе 6М030300 – Құқық қорғау қызметі мамандағы бойынша арнаулы білім беру саласында теориялық білім алып және оны құқық қорғау органдарының қызметінде қолдану үшін дағдыны тереңдете қалыптастыру.

**2.3 Пострееквизиттер:** Заңгерлік мамандықтағы магистранттар осы арнаулы курсты оқып үйренгеннен кейін мына төмендегідей арнаулы бағамдарды зерделеуі тиіс:

- «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама теориясының ғылыми негіздері »;
- «Қылмыстардың алдын алу бойынша ІІО қызметін ұйымдастыру».

**2.4 Пәнді қысқаша сипаттау:** Бұл тәсіл Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының іс-тәжірибесінде өзінің кәсіби қызметін айқын бағдарлай алатын, ойлау қабілеті мен көзқарастың жаңаша қағидаларға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық негіздерін игерген, ұлттық қауіпсіздік пен қоғам мүддесін қорғауды қамтамасыз ете алатын, сонымен бірге қылмыстылықпен күрестің заңды әдіс-

дағдыларын пайдалана білетін жоғары білікті, білімді заңгер даярлаудың талаптарына негізделген.

## 2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

| № | Жұмыс түрлері | Мазмұны және мақсаты | Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме | Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға | Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес) | Есеп беру нысаны | Тапсыру мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | Дәріс терге қатысу | Дәріс сабақтарының жоспарына сәйкес | Дәріс тақырыбына сай | Ағымдық бақылау | Дәрістерге қатысу пайыздық мазмұны 100 баллға дейін | Кестеге сай | Әр сабақта |
| 2. | Семинарлық сабақта ауызша жауап беру | Семинарлық сабақтарының жоспарына сәйкес | Семинарлық сабақтың тақырыбына сай | Қойылған сұрақтарды талқылау және ауызша сұрау | Семинарларға қатысу пайыздық мазмұны 100 баллға дейін | Кестеге сай | Әр сабаққа |
| 3. | МОӨЖ тапсырмаларды орындау | МОӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес | Семинарлық сабақтың тақырыбына сай | Тапсырмалардың орындалуын тексеру | МӨЖ-ге қатысу пайыздық мазмұны 100 баллға дейін | Кестеге сай | МОӨЖ және семинарлықсабақта |
| 4. | Емтихан | Білімді жалпылау тексеру | Пән тақырыбына сай | Тестілеу | Емтихандағы жауабы пайыздық мазмұны 100 баллға дейін | Кестеге сай | Пән аяқталғанынан кейін |

**2.6. Курс саясаты** Әрбір магистрант барлық оқу сабақтарына қатысуы тиіс, топта тақырыптарды талқылау барысында және топтық жұмыс кезінде белсенділік танытуы тиіс, үлгерім нашар басқа магистранттарға көмек көрсетіп, өзара әрекеттестік қарым-қатынасты жетілдіру керек.

Магистранттарға қойылатын талаптар сабақтарға қатысу, семинар сабақтарына жүйелі түрде дайындалу, МОӨЖ және МӨЖ бойынша тапсырмаларды тапсыру, рейтингті тапсыру, сабақ барысында белсенділікті көрсету, тапсырмаларды дер кезінде тапсыру, курстың жекелеген тақырыптарын, пәнді оқып білуде ынта-жігер көрсету негізінде жүзеге асырылады.

Магистранттардың дәлелсіз себептермен сабақтарды босатуына, сабаққа кешігіп келуіне, сабақ барысында ұялы телефонды қолдануға, оқытушыны және басқа да магистранттарды сабақтан алаңдататын қылықтар көрсетуіне, оқытушы және басқа да магистранттарға қатысты бейбастық пен дөрекілік көрсетуіне, тапсырмаларды орындамау немесе дер кезінде орындамауына, пәнді оқып білудің рұқсат етілмеген әдістемелерін қолдануға жол берілмейді.

Семестрде екі межелік бақылау өткізу қарастырылған. Межелік бақылау тест немесе бақылау жұмысы түрінде және өтілген тақырыптар көлемінде өткізіледі.

Емтихан тестілік нысанда немесе ауызша нысанда өткізіледі.

## 2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

| №№ р/н | Автор, атауы | Жылы, басылым орны |
|---|---|---|
| | **1. Нормативтік құқықтық актілер** | |
| 1. | Қазақстан Республикасының Конституциясы | 1995 жылғы 30 тамыз. Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (07.10.1998ж., 21.05.2007ж., 02.02.2011ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен). |
| 2. | Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі | 2014 жылғы 3 шілде. Алматы, «Норма-К» баспасы. |
| 3. | Қазақстан Республикасының „Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы“ Кодексі | 18.09.2009 ж. Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 4. | Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы Заңы | 23 сәуір 2014 жыл. Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 5. | Қазақстан Республикасының дағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» № 527-IY ҚРЗ Заңы. | 2012 жылғы 6 қаңтар (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 6. | Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» № 267 – 1 ҚРЗ Заңы | 1998 жылғы 2 шілде (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 7. | Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңы. | 1999 жылғы 15 наурыз, (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 8. | Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы, | 1998 жылғы 30 желтоқсан (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 9. | Қазақстан Республикасының «Есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар және оларды заңсыз айналдыруға қарсы шаралар туралы» Заңы, | 10.07.1998ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 10. | Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңы, | 15.07.1996ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 11. | Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы, | 22.07.2011 ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 12. | Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» №271-IV Заңы | 2010 жылғы 29 сәуір (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 13. | Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» № 416-I ҚРЗ Заңы. | 1999 жылғы 13 шілде (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| 14. | Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 ҚРЗ Заңы. | 2005 жылғы 18 ақпан (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ. |
| | **2. Негізгі әдебиеттер** | |
| 15. | Р.Б.Құлжақаева, М.А.Қызылов, С.Қ.Алтайбаев. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы және оның алдын алу: Оқу құралы. | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 87 бет. |
| 16. | С.Қ.Алтайбаев. Виктимология негіздері: Оқу құралы. | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 77 бет. |
| 17. | С.Қ.Алтайбаев. Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған дін ағымдарының қысқаша түсіндірмесі: Ақпараттық-танымдық | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 13 бет. |

| | | |
|---|---|---|
| | басылым. | |
| 18. | Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., «Ішкі істер органдарымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу» Дәрістер жинағы. | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 78 бет. |
| 19. | Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., Криминология. Ерекше бөлім. Оқу құралы | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 256 бет. |
| 20. | Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., Криминология» пәні бойынша практикум | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 50 бет. |
| 21. | Құлжақаева Р.Б., Жанхан Н.<br>Қажетті қорғану: Оқу құралы. | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 127 бет. |
| 22. | Құлжақаева Р.Б., Мергембаев Д.А.<br>Ұйымдасқан қылмыстардың жауапкершіліктері: Оқу құралы. | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 74 бет. |
| 23. | Құлжақаева Р.Б., Мергембаев Д.А.<br>Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жалпы бөлімі бойынша сызбалар альбомы | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 104 бет. |
| 24. | Мухамадиева Г.Ж. Криминологическая характеристика фальшивомонетничества: Учебное пособие. | Караганда: Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им.Б.Бейсенова, 2013, - 70 |
| 25. | Мухамадиева Г.Ж. Уголовно-правовая характеристика фальшивомонетничества: Учебное пособие. | Караганда: Карагандинский юридический институт МВД Республики Казахстан им.Б.Бейсенова, 2009, - 115 |
| 26. | Криминология және қылмыстың алдын алу: Сызбалар альбомы Құрастырған*:* М.Қ.Ынтықбаев, С.Қ. | Алтайбаев. — Қарағанды: Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 136 б. |
| 27. | Ынтықбаев М.Қ., Алтайбаев С.Қ. Криминология бойынша жаттығулар жинағы. – | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2013. |
| 28. | Криминология: Дәрістер курсы (жауапты ред. И.Ш. Борчашвили). | Астана: Дәнекер, 2005. |
| 29. | Алауханов Е.О. Криминология: Оқулық. - | Алматы: Жеті жарғы, 2005. |
| 30. | Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану) Оқу құралы (Конспекті үшін). - | Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 120 бет. |
| 31. | Комментарий к Закону Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» /Под общ. Ред. И.И. Рогова, С.С. Молдабаева. – | Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2011. – 100 б. |
| 32. | Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Профилактика преступлений. Учебник. – | Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 376 б. |
| 33. | Криминология. (ответ. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж.) – | Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2004. – 336 б. |
| 34. | Криминология: Курс лекций / Под. ред. И.Ш. Борчашвили. - | Караганда: КарЮИ МВД Республики Казахстан им. Б.Бейсенова, 2002. |
| 35. | Криминология: Учебник. | Т00 «Қазығұрт» баспасы. – 2006. – 584с. |
| 36. | Каиржанов Е.И. Криминология (общая часть). | Алматы, 1995. |
| 37. | Жадбаев С.Х. Криминология. Краткий курс лекций. – | Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 144 с. |
| | **3. Қосымша әдебиеттер** | |
| 38. | Алтайбаев С.Қ. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жаза өтеу | Қарағанды, 2009 ж. |

| | | |
|---|---|---|
| | және жазадан босату кезінде түзелу дәрежесін бағалау мәселелері.З.ғ.к. дәрежесін алу үшін авторефераты. | |
| 39. | Ибраева А.Н. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с насилием должностных лиц (статья 347-1 УК Республики Казахстан). 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н., | Астана, 2008. |
| 40. | Кенбаев Ж.А. Психические аномалии и преступность: проблемы и предупреждение. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н., | Қарағанды, 2008. |
| 41. | Ажиметова З.А. Кәмелетке толмағандардың зорлықпен жасалған қылмыстылығы (қылмыстық-құқықтық тәсілдері мен оның алдын алу аспектілері) 12.00.08 – Қылмыстық құқық және криминология; қылмыстық-атқару құқығы. Заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. | Алматы, 2008. |
| 42. | Артықов Б.С. Предупреждение проявлений этнической преступности в Республике Казахстан. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н., | Қарағанды, 2007. |
| 43. | Акылбай С.Б. Роль органов прокуратуры в профилактике корыстно-насильственной преступности. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н., | Қарағанды, 2007. |
| 44. | Кайрулла Е.К. Проблемы виктимологии ненасильственных хищений чужого имущества. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н., | Астана, 2005. |
| 45. | Жумабаев Е.Ж. Уголовно-правовая политика РК в сфере защиты прав человека. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н., | Қарағанды, 2006. |
| 46. | Құлжақаева Р.Б. Проблемы уголовно-правовых мер в борьбе с преступностью, роль правового воспитания и правовой культуры в предупреждении | Қарағанды, 1982 г. |

| | | |
|---|---|---|
| | общественного поведения (правовое воспитание на этике развитого социализма): Дисс.на соиск. учен.степ.канд.юрид.наук/ - | |
| 47. | Мұхамадиева Г.Ж. Фальшивомонетничество: уголовно-правовые и криминологические аспекты. 12.00.08 – уголовное право и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н., | Қарағанды, 2007 |
| 48. | Заң және қоғамдық ғылымдардың өзекті проблемалары: Халықаралық ғылыми-теоретикалық конференцияның материалдары. / Жауапты редактор: з.ғ.к. Д.Т.Кенжетаев. - | Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. – 410 бет |
| 49. | Жұмағали А. Криминология [Электронный ресурс]:Жалпы бөлім : дәрістер/ А. Жұмағали . - Электрон. текстовые дан.(27.3Мб) и Электрон. текстовые дан.(123Мб). | Алматы: Нұр - пресс, 2004. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Электронная книга) |
| 50. | Криминология:[электронный ресурс] [Электронный ресурс]: учебник. - Электрон. текстовые дан.(4.28Мб). - Б.м.: [Без изд-ва], [Без года]. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM) | |
| 51. | Ибраев А.З. Понятие, предмет и система криминологии. Лекция. | Костанай КВШ МВД Республики Казахстан 1999. |
| 52. | Фокс В.М. Введение в криминологию. | Москва,1980. |
| 53. | Герцензон А.В. Введение в советскую криминологию. | Москва,1965. |
| 54. | Жасубиев С.Т. История криминологии. | Костанай.2002. |
| 55. | Шнайдер Г.И. Криминология Учебник | М.,1994. |
| 56. | Антонян Ю.М., Блувштейн Ю.Д. Методы моделирования и изучения преступника и преступного поведения. | М., 1974. |
| 57. | Панкратов В.В. Методология и методика криминологических исследований. | М.,1972. |
| 58. | Долгова А.И. Преступность и общество. | М.,1992. |
| 59. | Джекебаев У.С. Преступность как криминологическая проблема. | Алма-Ата.1971. |
| 60. | Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. | Алматы 1999. |
| 61. | Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность | М., 1969. |
| 62. | Лунеев В.В. Преступность 20 века. Мировой криминологический анализ. | М., 1997. |
| 63. | Антонян Ю.М. Изучение личности преступника. | М.,1982. |
| 64. | Антонян Ю.М. Психологическое отчуждение личности. | Ереван.1987. |
| 65. | Кудрявцев В.Н. Личность преступника. | М., 1975. |
| 66. | Урмонас А.И., Босхолов С.С. Формирование личности преступника. | Минск 1987. |
| 67. | Антонян Ю.М. Роль конкретной жизненной ситуации в совершении преступления. | М.,1973. |

| | | |
|---|---|---|
| 68. | Антонян Ю.М. Социальная среда и формирование личности. | М., 1975. |
| 69. | Номоконов В.А. Преступное поведение: детерминизм и ответственность. | Владивосток,1989. |
| 70. | Ривман Д. Я. Криминологическая виктимология. | С-Пб.,2002. |
| 71. | Чукмаитов Д.С. Криминологическое прогнозирование и планирование борьбы с преступностью. | Алматы. 1998. |
| 72. | Аванесов Г.А. Планирование и организация борьбы с преступностью. | М.,1992. |
| 73. | Всеобщая декларация Прав Человека от 10.12.1948. | |
| 74. | Декларация о правах ребенка от 20.11.1959. | |
| 75. | Каиржанов Е.И. Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних. | Караганда 1989. |
| 76. | Ветров Н.И. Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних. | М.,1990. |
| 77. | Каиржанов Е.И.,Накипов Б. Рецидивная преступность: состояние и профилактика. | Алматы 1996г. |
| 78. | Мауленов Г.С. Криминологическая характеристика организованной преступности. | Алматы 1997г. |
| 79. | Чукмаитов Д.С. Организованная преступность и коррупция. Их предупреждение. | Алматы 1998г. |
| 80. | Гуров А.И. Профессиональная преступность: прошлое и современность. | М.,1990г. |
| 81. | Чукмаитов Д.С. Применение уголовного наказания в целях предупреждения рецидивной преступности. | Алматы 1997г |
| | **4. Ғаламтор көзі** | |
| 82. | http://adilet.zan.kz/rus Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Web-сайты | |
| 83. | http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ресми Web-сайты | |
| 84. | www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының ІІМ ресми Web-сайты | |
| 85. | http://prokuror.kz - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ресми Web-сайты | |
| 86. | http://pravstat.prokuror.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ресми Web-сайты | |
| 87. | www.zakon.kz - Қазақстан Республикасының заңнамаларының Web-сайты | |
| 88. | http://stat.kz - Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттігінің ресми Web-сайты | |
| 89. | http://prg.kz/ - «Параграф» ақпараттық жүйесі | |

**2.8. 6M030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама теориясының ғылыми негіздері» пәнінен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының 2016 жылғы алымының ғылыми және педагогикалық магистранттары үшін**

## ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

| № | Тақырып атауы | Барлығы | Жалпы аудиторлық сағат | Дәрістер | Семинар | Тәжірибелік | ОЖМӨЖ | МӨЖ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы ұғымы және жалпы сипаттамасы. ҚР қылмыстық заңы. | 9 | 3 | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 |
| 2. | Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы (қылмыс пен қылмыстық теріс қылық). Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері. | 9 | 3 | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 |
| 3. | Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі. | 9 | 3 | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 |
| 4. | Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу туралы ілім. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері. Топ болып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық.Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы. | 18 | 6 | 2 | 2 | 2 | 6 | 6 |
| 5. | Қылмыстық құқықтағы іс-әрекеттің қылмыстылығын бол- | 9 | 3 | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | дырмайтын мән-жайлар институтының теориялық және тәжірибелік мәселелері. | | | | | | | |
| **6.** | Жазаның түрлері. Жаза тағайындау. | 18 | 6 | 2 | 2 | 2 | 6 | 6 |
| **7.** | Қылмыстық жауаптылықтан босату. | 9 | 3 | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 |
| **8.** | Қылмыстық жазадан босату. | 9 | 3 | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 |
| | **Барлығы:** | **90** | **30** | **10** | **10** | **10** | **30** | **30** |

**Дәріс, семинарлық, тәжірибелік сабақтарды және ОЖ МӨЖ:** қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі полиция майоры Ө.А. Тұрғановқа бекітілген.

**Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының мәжілісінде талқыланып мақұлданған 2018 жылдың «___» мамыр, №____ хаттама.**

**Қылмыстық құқық және криминология**
**кафедрасының бастығы**
**полиция полковнигі С.Қ. Алтайбаев**

**2.9. Сабақ жоспары.**

**Дәріс сабақтары**

**1-тақырып**

**Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы ұғымы және жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы.**

**Дәрістер 1 – сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамаларының негізі ретіндегі жалпы танымал қағидалар мен халықаралық құқық нормалары. Қылмыстық құқық ұғымы, қағидалары мен міндеттері. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың қалыптасуы мен дамуының теориялық және қолданбалы мәселелері.

2. Қылмыстық заң ұғымы. Оның өзіне тән қасиеттері мен мағынасы. Қылмыстық заңның уақыттағы және кеңістіктегі әрекеті. Қылмыстық Заңның кері күші. Қылмыстық заңды сот-тергеу тәжірибесінде қолдану.

**Дәріс тезисі**

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға өтуі заңдылық пен құқықтық тәртіпті ұдайы нығайтуды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің конституциялық құрылысын берік қорғауды талап етеді.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту қылмыстылық сияқты әлеуметтік індетпен ымырасыз күрес жүргізуді ұйғарады. Мемлекет қылмыстылықпен күресте әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық және басқа да шаралардың бүкіл кешенін пайдаланады.

Құқықтың басымды және дербес салаларының бірі қылмыстық құқық болып табылады. Ол құқықтың басқа салаларынан ерекшеленіп, өзінің айырықша міндеттеріне, өзінің пәні мен өзінің реттеу әдістеріне ие болады. Сонымен бірге қылмыстық құқық осы жүйеде құқықтың негізгі қағидалары тән болатын құқықтың жалпы мемлекеттік жүйесіне енеді.

Қылмыстық құқықтың негізі құқықтың барлық саласы сияқты тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қол сұғушылықтан қорғайтын Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 15-бабында «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар, немесе 13-бабында «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қосаалғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға

қақылылы». Сол сияқты осы тектес нормалары да бар (2,3,4,5 және т.б. баптары).

Қоғамдық қатынас ерекшеліктеріне қарай құқық жүйесі бірқатар салаларға бөлінеді. Құқықтың әрбір саласы сапалық жағынан өзгешеліктері бар ерекше қоғамдық қатынас түрлерін реттейді. Заң әдебиеттерінде қылмыстық құқық құқықтың өз алдына бөлек саласы ретінде, белгіленген қылмыстық жауаптылыққа негізделген іс-әрекеттердің қылмыстылығы мен жазалануға жататындығын, жазалар мен өзге де мәжбүрлеу шараларын, оларды тағайындаудың жалпы ережелері мен шарттарын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың шарттары мен тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасы Парламентімен белгіленген заңдық нормалардың жиынтығы ретінде анықталады.

Сөйтіп, қылмыстық құқық кең мағынада қоғамға жағымсыз құбылыс – қылмыстармен күрес жүргізудің нормативтік негізі болып табылады.

Қылмыстық құқық, құқық саласы ретінде өзіне тін қасиеттерге ие болады. Біріншіден, ол іс әрекеттердің қылмыстылығы мен жазалауға жататындығын, қылмыстық жауаптылық негіздемесін, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуды қолдануды анықтау үшін заңдылық негіз болып табылады. Екіншіден, қылмыстық құқық өзіндік ерекше реттеу пәніне ие болады. Қылмыстық құқық пәні осы дәрістің екінші сұрағында нақтырақ қарастырылады. Үшіншіден, қылмыстық құқыққа бір жағынан қылмыс жасаған адам мен екінші жағынан құқық қорғау органдары арқылы көрінетін мемлекет арасындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің ерекше жолы тән. Қылмыстық құқық әдістеріне талдау жасуға кейінірек тоқталамыз.

Қылмыстық құқық анықтамасына қарай, атап өту керек, қылмыстық құқықтың заңдық нормаларының жалғыз ғана жиынтығы 2014 жылдың 3-шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі болып табылады. Бұған дейін Қазақстанда 1997 жылдың 16-шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының ҚҚ қолданыста болып келді Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бұрынғы Қылмыстық кодекстің елеулі олқылықтары мен кемшіліктерінің орнын толтырып, Қазақстан Республикасының жаңа қоғамы, мемлекеті және қоғамдық құрылысын құру мен қорғаудың міндеттеріне жоғары дәрежеде сай келеді. Бірқатар өзекті мәселелерді шешу жолында осы кейінгі жаңа Қылмыстық кодекс 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен салыстырғанда көш жер ілгері тұр.

Қылмыстық құқықтың мән-мағынасы мен табиғатын , оның міндеттері мен қызметтерін танып-білу үшін оның жетекші ережелері немесе басқаша айтқанда, қылмыстық құқық қағидалары үлкен маңыз бен мәнге ие болады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіндегідей қылмыстық құқық қағидаларының жүйесі мен мазмұны берілген дербес баптар жоқ.

Қылмыстық құқықтық теорияда отандық және халықаралық құқықтық дәстүрлерді қылмыстық заңнамаларды және оларды қолдану тәжірибесінің отандық және халықаралық дәстүрлерін талдауды ескере отырып, мынадай қағидаларды бөліп қарауға болады:

1) заңдылық қағидасы;

2) әділеттілік қағидасы;

3) азаматтардың заң алдындағы тең қағидасы;

4) өз кінәсіне жауаптылық қағидасы;

5) адамгершілік қағидасы;

6) қылмыстық жауаптылық пен жазаны жекелендіру қағидасы.

Заңдылық қағидасы қылмыстық құқық қағидалары жүйесінде бірінші орынды алады. Заңдылық қағидасының қылмыстық құқықта бекітілуі мен жүйелі жүзеге асырылуы өте маңызды орын алады. Бұл қағиданың мазмұны бай, ол іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазалауға жататындығы, сондай-ақ өзге де қылмыстық-құқықтық зардаптардың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен анықталуын белгілейді. Бұл жағдай былайша түсіндіріледі. Қандай іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздік) қайсысы қылмыс деп, қайсысы қылмыс емес деп танылатындығы тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен анықталады. Тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен ғана кінәліге қылмыс жасағаны үшін қандай жазаның түрлері мен мөлшері белгіленген. Тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен ғана басқа да қылмыстық-құқықтық зардаптар қарастырылған (мысалы, соттылық). Заңдылық қағидасы барлық қылмыстық-құқықтық нормаларға жүреді. Дегенмен, Қылмыстық кодекстің кейбір баптарында ол жөнінде тереңірек айтылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының ҚК 3-бабында «қылмыс жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады, деп анықталған. Ал, Қазақстан Республикасының ҚК 9-бабында қылмыс ұғымы «осы Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» деп берілген.

Бұдан бұрын атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық қағидасын ашып көрсететін арнайы нормалар жоқ. Ал, кейбір елдердің қылмыстық заңнамаларында мұндай нормалар бар. Егер, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіне қарайтын болсақ, онда мұндай нормалар бар екен. Мысалы, РФ ҚК 3-бабы заңдылық қағидасын, 4-бабы – азаматтардың заң алдындағы бірдей теңдігін, 5-бабы – кінәлілік қағидасын, 6-бабы – әділеттілік қағидасын, 7-бабы – адамгершілік қағидасын қарастырады. Осының бәрі қылмыстық құқық қағидаларына тиісті мәнде көңіл аударылатындығын көрсетеді. Сондықтан, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне осындай нормаларды енгізсе артық болмас еді.

Қылмыстық құқық құқықтың ғана бір саласы емес, ол сонымен бірге дербес ғылым болып та табылады. Қылмыстық құқық ғылымы қоғамдағы ғылымдардың бір бұтағы саналатын құқықтанудың құрамдас бөлігі болып саналады.

Қылмыстық құқық ғылымы деп қылмыстық құқық туралы оның институттары мен даму жолдарындағы көзқарастарды, идеялар мен түсініктер жүйесі танылады.

Заң әдебиеттерінде көрсетілгеніндей, қылмыстық құқық ғылымы, ең алдымен әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретіндегі қылмыс пен жазаны және олармен байланыстағы басқа да қылмыстық-құқықтық институттарды, сондай-ақ, қылмыстық заңнамаларды және олардың іс-тәжірибедегі қолданылуын зерттейді.

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылым пәніне жалпы қабылданған пікірлер бойынша мыналарды жатқызуға болады:

а) қылмыстық заңдар мен ғылымның өзінің қалыптасуы мен даму тарихы;

б) қолданыстағы қылмыстық заңнамаларды зерттеу мен талдау;

в) қылмыстық кодекс нормаларын іс-тәжірибеде қолдану;

г) шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларын салыстырмалы түрде зерделеу;

д) қылмыстық түрлері;

е) қылмыстық-құқық нормаларымен жанасатын қоғамдық өмірдегі шынайы құбылыстар (қылмыс құрамы, қылмыс сатылары, қылмысқа қатысу, қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы және т.б.).

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылымы қатып қалған түрінде емес, құқық қорғау органдарының сұраныстарына қарай дамуы мен өзгеруіне байланысты зерттеледі. Қылмыстық құқық ғылымы әлеуметтік зерттеулердің негізделген қорытындыларына сүйенбей, әсерлілігін ашып алу үшін қолданыстағы және бұрынғы қылмыстық құқықтық нормаларды бір-бірімен салыстырмайынша дамуы мүмкін емес. Қылмыстық құқықтың негізгі міндеттерінің бірі – қылмыстық заңдардың іс-тәжірибеде қолданылуын кең түрде қорытындылап талдау, нақты әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты қылмыстық заңнамаларды жетілдіру жолдары мен әдістерінің негізінде жоспар құру.

Қылмыстық құқықтың әлеуметтануы қылмыстық-құқық ғылымының бөлігі бола отырып, негізгі қылмыстық-құқықтық институттарға зерттеу жүргізеді және олардың нәтижелері әлеуметтік негізділігіне орай жаңа қылмыстық заңдар жасау, оларды жетілдіру, тиімділігі мен әсерлілігін ашу үшін елеулі маңызға ие болады. Қылмыстық әлеуметтанудың аса ірі мәселелерінің қатарынан қылмыстық-құқық саласындағы құқықтық сана-сезімді әлеуметтік зерттеуді, қылмыстық-құқықтық бағдарлауды, қылмыстық жазалардың әсерлілігін, қылмыстың нақты түрлерінің әлеуметтік мәселелерін және Ерекше бөлімнің нормаларын қолдануды атап өтуге болады.

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылымының пәні құқық саласы ретіндегі қылмыстық құқық пәнінен әлдеқайда кеңірек. Оған қолданыстағы заңнамаларды зерделеу және олардың қолданылуын талдау ғана емес, қылмыстық заңдар, сол сияқты ғылымның өзі ретінде қалыптасуы мен даму тарихы енеді. Ғылым пәніне сонымен бірге, салыстырмалы түрде және заң шығарушылық пен құқық қолдану қызметі және ғылымды дамыту жолындағы озық тәжірибелерін пайдалану мақсатында шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларын зерттеу де кіреді. Жалпы құқықтың саласы ретіндегі қылмыстық құқық қоғамдық қатынастарды өзіне тән әдістермен реттейді. Қылмыстық құқық ғылымы, әрине, қылмыс жасауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуші және қорғаушы рөлін атқара алмайды. Ол тек қана олардың мазмұнын зерттейді және қылмыстық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған әлеуметтік негізделген тұжырымдар жасайды.

Қылмыстық құқық ғылымы іс жүзіндегі тәжірибемен тығыз байланыссыз дами алмайды. Мұндай байланыстардың жолдары әрқилы: қылмыстық заңдарды қолдану тәжірибелерін зерделеу мен қорытындылау; құқық қорғау органдары жүргізетін іс-тәжірибені қорытындылауға маман-ғалымдардың қатысуы; қолданыстағы қылмыстық кодексті жетілдіру мен жаңа қылмыстық заң жобаларын жасауға қатысу; Қазақстан Республикасының Жоғары соты жанындағы, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасындағы консультатциялық кеңестің жұмыстарына ғалымдардың қатысуы; Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының заңдар мен нормативтік қаулыларына қорытынды пікір айтуға қатысу.

Сөйтіп, қылмыстық құқық ғылымы ең алдымен екі ең негізгі институт – қылмыс пен жазаны зерделейді.

Қылмыстық құқықтың өзі сияқты, қылмыстық құқықтық ғылымы да қылмыстылық пен өзге де құқық бұзушылықтардың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізу мәселелерін зерттейтін өзге де ғылым салаларымен араласады. Қылмыстық құқық ғылымы криминологияға, қылмыстық-атқару заңнамалары туралы ғылымға, қылмыстық іс жүргізу, жедел-іздестіру қызметі, құқықтық статистика, криминалистика, соттық психология мен психиатрия ғылымдарына неғұрлым жақын.

Осы аталған ғылымдардың жалпы қасиеттеріне қарамастан, олардың әрқайсының өзіне тән мазмұны мен ерекшеліктері бар. Бұл, әрине, қарастырылатын мәселелердің бірін-бірі қайталамауына, сондай-ақ әрбір жеке пәндерді аралас салалардағы алынған білімдерге сүйене отырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқық ғылымы құрайтын пәндер институты мен ұғымын зерделеу, атап өтетін болсақ, белгілі бір әдістермен пайдаланылады.

Қылмыстық құқық ғылымының мән-мағынасын көрсете отырып, есте сақтарлық жай, біріншіден, осы ғылымның философиялық, әдістемелік негіздерін, екіншіден осы ғылымының құқықтық ғылымның бір саласы ретінде пайдаланылатын арнайы адістерін (тәсілдерін) ескеру қажет. Әрине,

қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістері (тәсілдері) олардың әдістемелік негіздерімен анықталады және олармен тығыз, үзілісіз байланыста қарастырылуы тиіс.

Сөйтіп, қылмыстық құқық ғылымының әдістері мынадай екі топқа бөлінеді:

1) жалпы әдістер;

2) арнайы әдістер.

Қылмыстық құқық ғылымының жалпы әдісіне философияның диалектикалық әдісі жатады.

Қылмыстық құқық ғылымының әдісі туралы айтқанда, философияның диалектикалық ережелеріне негізделген жалпы қабылданған ережелерден бастау қажет.

Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты, қылмыстық жауаптылық негіздемелері мен шарттарын, жазаны және басқа да қылмыстық заңнамалар институттырын зерделеу олардың қандайда бір дербес, бөлектенген түрінде емес, тығыз байланыстылығын анықтайтын себептері мен шарттарын қарастыруға шақырады. Кез келген қылмыстық-құқықтық норма қоғамдағы нақты алатын орнына қарай, басқа да қоғамдық өмірдегі құбылыстармен тығыз байланысуына қарай қарастырылады.

Қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістеріне мыналар жатады:

а) салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі;

б) нақты әлеуметтік зерттеу әдісі;

в) құрылымдық-қисынды талдау әдісі.

Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы

Қылмыстық құқықты оқып-үйрену кезінде қолданылатын нақты әдістердің бірі салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі болып табылады. Ол бірінші кезекте түрлі елдердің құқықтық жүйесіндегі қылмыстық құқықтың біртектес институттарын салыстыруды талап етіп қана қоймай, сонымен бірге ең бастысы осы институттардың бірдейлігі мен айырмашылықтарының себептерін, мәнін және зардаптарын саластыруды талап етеді. Түрлі біртектес қылмыстық жүелерге жататын иституттарды салыстырмалы зерттеу кезінде елеулі емес және негізгі тараптардың, салыстырылатын объектілердің, элементтері арасындағы, елеулі болмаса да зерттелетін объектілердің қарама-қайшылығын сипаттауда жетекші болып саналатын қағидалары арасындағы қатынастарды дұрыс ашу маңызды мәнге ие болады.

Қылмыстық құқық ғылымымен қолданылатын келесі әдістердің бірі нақты әлеуметтік зерттеу әдісі болып табылады. Нақты әлеуметтік зерттеу әдісі – бұл қылмыстық құқық саласындғы нақты бір қылмыстық-құқықтық институттардың қоғамдық өзара әрекеттестігі барысындағы рөлін зерттеуді өзіне міндет етіп алған әлеуметтік зерттеу нысандарының бірі. Нақты әлеуметтік зерттеу әдісі қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың

әсерлілігін талдау және бұдан бұрынғы зерттеулер негізінде жаңа қылмыстық-құқықтық нормалардың белгілеген мақсаттылығын бағдарлауға мүмкіндік береді, және соған орай қылмыстық-құқықтық заңнамалардың мәселелерін ұтымды шешу мүмкіндіктерін жеңілдетеді. Нақты әлеуметтік зерттеу сонымен бірге қылмыстың себептері мен шарттарын және қылмыстылық үстінен бақылау жүргізуге қажетті әлеуметтік шаралар құру үшін де өте қажет деп саналады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 12,13,14,15,16,17,18 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## Тақырып 2. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы (қылмыс пен қылмыстық теріс қылық). Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.

**Дәрістер 1 – сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамаларының негізі ретіндегі жалпы танымал қағидалар мен халықаралық құқық нормалары. Қылмыстық құқық ұғымы, қағидалары мен міндеттері. Қолданыстағы заңнаманың қылмыстық заңнаманың қалыптасуы мен дамуының теориялық және қолданбалы мәселелері.

2. Қылмыстық заң ұғымы. Оның өзіне тән қасиеттері мен мағынасы. Қылмыстық заңның уақыттағы және кеңістіктегі әрекеті. Қылмыстық Заңның кері күші. Қылмыстық заңды сот-тергеу тәжірибесінде қолдану.

3. Қылмыстық құқықтағы қылмыс анықтамасы. Қылмыс белгілері. Қылмыстарды саралау және оның қылмыстық құқық теориясы мен құқық қолдану тәжірибесіндегі мәні. Қылмыс санаттарының құқықтық зардаптары.

**Дәріс тезисі**

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға өтуі заңдылық пен құқықтық тәртіпті ұдайы нығайтуды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің конституциялық құрылысын берік қорғауды талап етеді.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту қылмыстылық сияқты әлеуметтік індетпен ымырасыз күрес жүргізуді ұйғарады. Мемлекет қылмыстылықпен күресте әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық және басқа да шаралардың бүкіл кешенін пайдаланады.

Құқықтың басымды және дербес салаларының бірі қылмыстық құқық болып табылады. Ол құқықтың басқа салаларынан ерекшеленіп, өзінің айырықша міндеттеріне, өзінің пәні мен өзінің реттеу әдістеріне ие болады. Сонымен бірге қылмыстық құқық осы жүйеде құқықтың негізгі қағидалары тән болатын құқықтың жалпы мемлекеттік жүйесіне енеді.

Қылмыстық құқықтың негізі құқықтың барлық саласы сияқты тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қол сұғушылықтан қорғайтын Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 15-бабында «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар, немесе 13-бабында «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қосаалғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға қақылылы». Сол сияқты осы тектес нормалары да бар (2,3,4,5 және т.б. баптары).

Қоғамдық қатынас ерекшеліктеріне қарай құқық жүйесі бірқатар салаларға бөлінеді. Құқықтың әрбір саласы сапалық жағынан өзгешеліктері бар ерекше қоғамдық қатынас түрлерін реттейді. Заң әдебиеттерінде қылмыстық құқық құқықтың өз алдына бөлек саласы ретінде, белгіленген қылмыстық жауаптылыққа негізделген іс-әрекеттердің қылмыстылығы мен жазалануға жататындығын, жазалар мен өзге де мәжбүрлеу шараларын, оларды тағайындаудың жалпы ережелері мен шарттарын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың шарттары мен тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасы Парламентімен белгіленген заңдық нормалардың жиынтығы ретінде анықталады.

Сөйтіп, қылмыстық құқық кең мағынада қоғамға жағымсыз құбылыс – қылмыстармен күрес жүргізудің нормативтік негізі болып табылады.

Қылмыстық құқық, құқық саласы ретінде өзіне тін қасиеттерге ие болады. Біріншіден, ол іс әрекеттердің қылмыстылығы мен жазалауға жататындығын, қылмыстық жауаптылық негіздемесін, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуды қолдануды анықтау үшін заңдылық негіз болып табылады. Екіншіден, қылмыстық құқық өзіндік ерекше реттеу пәніне ие болады. Қылмыстық құқық пәні осы дәрістің екінші сұрағында нақтырақ қарастырылады. Үшіншіден, қылмыстық құқыққа бір жағынан қылмыс жасаған адам мен екінші жағынан құқық қорғау органдары арқылы көрінетін мемлекет арасындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің ерекше жолы тән. Қылмыстық құқық әдістеріне талдау жасуға кейінірек тоқталамыз.

Қылмыстық құқық анықтамасына қарай, атап өту керек, қылмыстық құқықтың заңдық нормаларының жалғыз ғана жиынтығы 2014 жылдың 3-шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі болып табылады. Бұған дейін Қазақстанда 1997 жылдың 16-шілдесінде

қабылданған Қазақстан Республикасының ҚҚ қолданыста болып келді Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бұрынғы Қылмыстық кодекстің елеулі олқылықтары мен кемшіліктерінің орнын толтырып, Қазақстан Республикасының жаңа қоғамы, мемлекеті және қоғамдық құрылысын құру мен қорғаудың міндеттеріне жоғары дәрежеде сай келеді. Бірқатар өзекті мәселелерді шешу жолында осы кейінгі жаңа Қылмыстық кодекс 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен салыстырғанда көш жер ілгері тұр.

Қылмыстық құқықтың мән-мағынасы мен табиғатын , оның міндеттері мен қызметтерін танып-білу үшін оның жетекші ережелері немесе басқаша айтқанда, қылмыстық құқық қағидалары үлкен маңыз бен мәнге ие болады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіндегідей қылмыстық құқық қағидаларының жүйесі мен мазмұны берілген дербес баптар жоқ.

Қылмыстық құқықтық теорияда отандық және халықаралық құқықтық дәстүрлерді қылмыстық заңнамаларды және оларды қолдану тәжірибесінің отандық және халықаралық дәстүрлерін талдауды ескере отырып, мынадай қағидаларды бөліп қарауға болады:

1) заңдылық қағидасы;
2) әділеттілік қағидасы;
3) азаматтардың заң алдындағы тең қағидасы;
4) өз кінәсіне жауаптылық қағидасы;
5) адамгершілік қағидасы;
6) қылмыстық жауаптылық пен жазаны жекелендіру қағидасы.

Заңдылық қағидасы қылмыстық құқық қағидалары жүйесінде бірінші орынды алады. Заңдылық қағидасының қылмыстық құқықта бекітілуі мен жүйелі жүзеге асырылуы өте маңызды орын алады. Бұл қағиданың мазмұны бай, ол іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазалауға жататындығы, сондай-ақ өзге де қылмыстық-құқықтық зардаптардың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен анықталуын белгілейді. Бұл жағдай былайша түсіндіріледі. Қандай іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздік) қайсысы қылмыс деп, қайсысы қылмыс емес деп танылатындығы тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен анықталады. Тек қана ҚР Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен ғана кінәліге қылмыс жасағаны үшін қандай жазаның түрлері мен мөлшері белгіленген. Тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен ғана басқа да қылмыстық-құқықтық зардаптар қарастырылған (мысалы, соттылық). Заңдылық қағидасы барлық қылмыстық-құқықтық нормаларға жүреді. Дегенмен, Қылмыстық кодекстің кейбір баптарында ол жөнінде тереңірек айтылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының ҚК 3-бабында «қылмыс жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады, деп анықталған. Ал, Қазақстан Республикасының ҚК 9-бабында қылмыс

ұғымы «осы Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» деп берілген.

Бұдан бұрын атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық қағидасын ашып көрсететін арнайы нормалар жоқ. Ал, кейбір елдердің қылмыстық заңнамаларында мұндай нормалар бар. Егер, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіне қарайтын болсақ, онда мұндай нормалар бар екен. Мысалы, РФ ҚК 3-бабы заңдылық қағидасын, 4-бабы – азаматтардың заң алдындағы бірдей теңдігін, 5-бабы – кінәлілік қағидасын, 6-бабы – әділеттілік қағидасын, 7-бабы – адамгершілік қағидасын қарастырады. Осының бәрі қылмыстық құқық қағидаларына тиісті мәнде көңіл аударылатындығын көрсетеді. Сондықтан, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне осындай нормаларды енгізсе артық болмас еді.

Қылмыстық құқық құқықтың ғана бір саласы емес, ол сонымен бірге дербес ғылым болып та табылады. Қылмыстық құқық ғылымы қоғамдағы ғылымдардың бір бұтағы саналатын құқықтанудың құрамдас бөлігі болып саналады.

Қылмыстық құқық ғылымы деп қылмыстық құқық туралы оның институттары мен даму жолдарындағы көзқарастарды, идеялар мен түсініктер жүйесі танылады.

Заң әдебиеттерінде көрсетілгеніндей, қылмыстық құқық ғылымы, ең алдымен әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретіндегі қылмыс пен жазаны және олармен байланыстағы басқа да қылмыстық-құқықтық институттарды, сондай-ақ, қылмыстық заңнамаларды және олардың іс-тәжірибедегі қолданылуын зерттейді.

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылым пәніне жалпы қабылданған пікірлер бойынша мыналарды жатқызуға болады:

а) қылмыстық заңдар мен ғылымның өзінің қалыптасуы мен даму тарихы;

б) қолданыстағы қылмыстық заңнамаларды зерттеу мен талдау;

в) қылмыстық кодекс нормаларын іс-тәжірибеде қолдану;

г) шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларын салыстырмалы түрде зерделеу;

д) қылмыстық түрлері;

е) қылмыстық-құқық нормаларымен жанасатын қоғамдық өмірдегі шынайы құбылыстар (қылмыс құрамы, қылмыс сатылары, қылмысқа қатысу, қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы және т.б.).

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылымы қатып қалған түрінде емес, құқық қорғау органдарының сұраныстарына қарай дамуы мен өзгеруіне байланысты зерттеледі. Қылмыстық құқық ғылымы әлеуметтік зерттеулердің негізделген қорытындыларына сүйенбей, әсерлілігін ашып алу үшін қолданыстағы және бұрынғы қылмыстық құқықтық нормаларды бір-бірімен

салыстырмайынша дамуы мүмкін емес. Қылмыстық құқықтың негізгі міндеттерінің бірі – қылмыстық заңдардың іс-тәжірибеде қолданылуын кең түрде қорытындылап талдау, нақты әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты қылмыстық заңнамаларды жетілдіру жолдары мен әдістерінің негізінде жоспар құру.

Қылмыстық құқықтың әлеуметтануы қылмыстық-құқық ғылымының бөлігі бола отырып, негізгі қылмыстық-құқықтық институттарға зерттеу жүргізеді және олардың нәтижелері әлеуметтік негізділігіне орай жаңа қылмыстық заңдар жасау, оларды жетілдіру, тиімділігі мен әсерлілігін ашу үшін елеулі маңызға ие болады. Қылмыстық әлеуметтанудың аса ірі мәселелерінің қатарынан қылмыстық-құқық саласындағы құқықтық сана-сезімді әлеуметтік зерттеуді, қылмыстық-құқықтық бағдарлауды, қылмыстық жазалардың әсерлілігін, қылмыстың нақты түрлерінің әлеуметтік мәселелерін және Ерекше бөлімнің нормаларын қолдануды атап өтуге болады.

Атап өту керек, қылмыстық құқық ғылымының пәні құқық саласы ретіндегі қылмыстық құқық пәнінен әлдеқайда кеңірек. Оған қолданыстағы заңнамаларды зерделеу және олардың қолданылуын талдау ғана емес, қылмыстық заңдар, сол сияқты ғылымның өзі ретінде қалыптасуы мен даму тарихы енеді. Ғылым пәніне сонымен бірге, салыстырмалы түрде және заң шығарушылық пен құқық қолдану қызметі және ғылымды дамыту жолындағы озық тәжірибелерін пайдалану мақсатында шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларын зерттеу де кіреді. Жалпы құқықтың саласы ретіндегі қылмыстық құқық қоғамдық қатынастарды өзіне тән әдістермен реттейді. Қылмыстық құқық ғылымы, әрине, қылмыс жасауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуші және қорғаушы рөлін атқара алмайды. Ол тек қана олардың мазмұнын зерттейді және қылмыстық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған әлеуметтік негізделген тұжырымдар жасайды.

Қылмыстық құқық ғылымы іс жүзіндегі тәжірибемен тығыз байланыссыз дами алмайды. Мұндай байланыстардың жолдары әрқилы: қылмыстық заңдарды қолдану тәжірибелерін зерделеу мен қорытындылау; құқық қорғау органдары жүргізетін іс-тәжірибені қорытындылауға маман-ғалымдардың қатысуы; қолданыстағы қылмыстық кодексті жетілдіру мен жаңа қылмыстық заң жобаларын жасауға қатысу; ҚР Жоғары соты жанындағы, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасындағы консультатциялық кеңестің жұмыстарына ғалымдардың қатысуы; Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының заңдар мен нормативтік қаулыларына қорытынды пікір айтуға қатысу.

Сөйтіп, қылмыстық құқық ғылымы ең алдымен екі ең негізгі институт – қылмыс пен жазаны зерделейді.

Қылмыстық құқықтың өзі сияқты, қылмыстық құқықтық ғылымы да қылмыстылық пен өзге де құқық бұзушылықтардың үстінен әлеуметтік бақылау жүргізу мәселелерін зерттейтін өзге де ғылым салаларымен араласады. Қылмыстық құқық ғылымы криминологияға, қылмыстық-атқару

заңнамалары туралы ғылымға, қылмыстық іс жүргізу, жедел-іздестіру қызметі, құқықтық статистика, криминалистика, соттық психология мен психиатрия ғылымдарына неғұрлым жақын.

Осы аталған ғылымдардың жалпы қасиеттеріне қарамастан, олардың әрқайсының өзіне тән мазмұны мен ерекшеліктері бар. Бұл, әрине, қарастырылатын мәселелердің бірін-бірі қайталамауына, сондай-ақ әрбір жеке пәндерді аралас салалардағы алынған білімдерге сүйене отырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқық ғылымы құрайтын пәндер институты мен ұғымын зерделеу, атап өтетін болсақ, белгілі бір әдістермен пайдаланылады.

Қылмыстық құқық ғылымының мән-мағынасын көрсете отырып, есте сақтарлық жай, біріншіден, осы ғылымның философиялық, әдістемелік негіздерін, екіншіден осы ғылымының құқықтық ғылымның бір саласы ретінде пайдаланылатын арнайы адістерін (тәсілдерін) ескеру қажет. Әрине, қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістері (тәсілдері) олардың әдістемелік негіздерімен анықталады және олармен тығыз, үзілісіз байланыста қарастырылуы тиіс.

Сөйтіп, қылмыстық құқық ғылымының әдістері мынадай екі топқа бөлінеді:

1) жалпы әдістер;

2) арнайы әдістер.

Қылмыстық құқық ғылымының жалпы әдісіне философияның диалектикалық әдісі жатады.

Қылмыстық құқық ғылымының әдісі туралы айтқанда, философияның диалектикалық ережелеріне негізделген жалпы қабылданған ережелерден бастау қажет.

Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты, қылмыстық жауаптылық негіздемелері мен шарттарын, жазаны және басқа да қылмыстық заңнамалар институттырын зерделеу олардың қандайда бір дербес, бөлектенген түрінде емес, тығыз байланыстылығын анықтайтын себептері мен шарттарын қарастыруға шақырады. Кез келген қылмыстық-құқықтық норма қоғамдағы нақты алатын орнына қарай, басқа да қоғамдық өмірдегі құбылыстармен тығыз байланысуына қарай қарастырылады.

Қылмыстық құқық ғылымының арнайы әдістеріне мыналар жатады:

а) салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі;

б) нақты әлеуметтік зерттеу әдісі;

в) құрылымдық-қисынды талдау әдісі.

Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы Қылмыстық құқық ғылымы

Қылмыстық құқықты оқып-үйрену кезінде қолданылатын нақты әдістердің бірі салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі болып табылады. Ол бірінші кезекте түрлі елдердің құқықтық жүйесіндегі қылмыстық құқықтың

біртектес институттарын салыстыруды талап етіп қана қоймай, сонымен бірге ең бастысы осы институттардың бірдейлігі мен айырмашылықтарының себептерін, мәнін және зардаптарын саластыруды талап етеді. Түрлі біртектес қылмыстық жүелерге жататын иституттарды салыстырмалы зерттеу кезінде елеулі емес және негізгі тараптардың, салыстырылатын объектілердің, элементтері арасындағы, елеулі болмаса да зерттелетін объектілердің қарама-қайшылығын сипаттауда жетекші болып саналатын қағидалары арасындағы қатынастарды дұрыс ашу маңызды мәнге ие болады.

Қылмыстық құқық ғылымымен қолданылатын келесі әдістердің бірі нақты әлеуметтік зерттеу әдісі болып табылады. Нақты әлеуметтік зерттеу әдісі – бұл қылмыстық құқық саласындғы нақты бір қылмыстық-құқықтық институттардың қоғамдық өзара әрекеттестігі барысындағы рөлін зерттеуді өзіне міндет етіп алған әлеуметтік зерттеу нысандарының бірі. Нақты әлеуметтік зерттеу әдісі қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың әсерлілігін талдау және бұдан бұрынғы зерттеулер негізінде жаңа қылмыстық-құқықтық нормалардың белгілеген мақсаттылығын бағдарлауға мүмкіндік береді, және соған орай қылмыстық-құқықтық заңнамалардың мәселелерін ұтымды шешу мүмкіндіктерін жеңілдетеді. Нақты әлеуметтік зерттеу сонымен бірге қылмыстың себептері мен шарттарын және қылмыстылық үстінен бақылау жүргізуге қажетті әлеуметтік шаралар құру үшін де өте қажет деп саналады.

## Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 12,13,14,15,16,17,18 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 3-тақырып
## Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігі

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстың көптілігі ұғымы және түрлері. Көптіліктің бірыңғай күрделі қылмыстан айырмашылғы. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы, оның түрлері мен құқықтық зардаптары. Қылмыстардың жиынтығы ұғымы, белгілері мен түрлері. Қылмыстың қайталануы, оның түрлері мен құқықтық зардаптары.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша қылмысқа қатысу ұғымы. Қатысудың түрлері. Қылмысқа қатысудың түрлері мен олардың заңдық сипаттамасы. Қатысушылардың қылмыстық

жауаптылығының негіздемелері мен шектері. Қатысудың арнайы мәселелері. Құқық қорғау органдары қызметі үшін қатысу институтының мәні.

## Дәріс тезисі

Адамның бір емес, бірнеше қылмыс жасауы әдетте, оның өзінің ғана емес, жасаған қылмысының қоғамға қауіпті екенін білдіреді. Сот-тергеу іс-тәжірибесіндегі материалдарын зерттеу кезінде бірнеше қылмыс жасаған адамның қоғамға жат пиғылдағы көзқарастарының едәуір тұрақты сипатқа ие болатынын байқауға болады. Мұндай жағдайда кінәлі адам қоғамдық қатынастардың түрлі тобына қол сұға отырып, дәл осындай жағдайдағы жасалған бір қылмысқа қарағанда көбірек зардаптар әкеледі. Қылмыстың көптілігінің қоғамдық қауіптілігі жоғары екендігін осы қылмыстарды саралайтын және сол үшін жаза тағайындауды қарастыратын ережелерден көруге болады. Мұндай жағдайда, әдетте жасаған бір қылмысқа қараганд неғұрлым қатаң жаза қолданылады.

Қылмыстың көптілігі мәселелері ғалым заңгерлерді көптен бері алаңдатуда. Алайда ол ұзақ уақыт бойы жаза тағайындау шегінде ғана қарастырылып келді. Қылмыстың көптілігінің жекелеген институттары (бірнеше мәрте жасалуы, қайталануы және басқалары) не нақты бір қылмыс құрамының белгілері, не саралаушы белгілері ретінде қарастырылып, Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімін қалыптастыру кезінде нақтыланып зерттелді.

Өз алдына бөлек тарау ретінде «Қылмыстың көптілігі» 1974 жылғы кеңестік қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімі оқулықтардың бірінде өріне бастады. 1974 жылға дейін қылмыстың қайталану оқулықтардың түрлі тарауларында қарастырылды. Мәселен, 1968 жылы Ленинград университетінің заң фактултеті қылмыстық құқық кафедрасы дайындаған кеңестік қылмыстық құқық курсында қылмыстың қайталануы қылмыс субъектісі туралы бөлімде орналасқан (382-388-беттер).

Одан әрі қылмыстық құқықтың дербес институты ретіндегі көптілік ұғымына ғылыми және оқулық әдебиеттерінде көп көңіл аударылды.

Алғаш рет «Қылмыстың көптілігі» Модельді кодексте (12-тарау) пайда болып және бірнеше мәрте жасалуды, жиынтықты, қайталануды, қауіпті қайталануды және аса қауіпті қайталануды анықтайтын баптар қосылды.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы көптеген елдердегі сияқты Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасы да қылмыстың көптілігін дербес бөліммен ерекшелемейді, ал қылмыстың көптілігінің қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы, қылмыстардың жиынтығы және қылмыстың қайталануы қылмыс бөлімінде қарастырылады. Тек қана Грузияның, Беларусь Республикасының, Өзбекстан Республикасы мен Украинаның Қылмыстық кодекстерінде қылмыстың көптілігі жеке тараулардан және қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы, жиынтығы, қайталануы ұғымдарын анықтайтын баптардан орын алған. Мысалы,

Украина Қылмыстық кодексінің VII-тарауы «Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы, жиынтығы, қайталануы» деп аталады.

Басқа мемлекеттердің Қылмыстық кодекстерінде де қылмыстың көптілігінің нақты түрлерін анықтайтын және екі және одан да көп қылмыс жасау кезінде жаза тағайындаудың шарттарын реттейтін баптар бар. Мәселен, Голландия Қылмыстық кодексінде қарастырылып отырған ұғым «Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы» деп аталатын VI-тарауында анықталады. Қылмыстың көптілігі ұғымы қылмыстық құқық ғылымымен зерттеліп, адамның екі және одан да көп қасақана қылмыс жасаған жағдайын қарастаруды міндет етеді.

Қылмыстық құқық ғылымында әзірше қылмыстың көптілігі ұғымын біртұтас көзқараспен түсіндіретін анықтама жоқтың қасы. Мәселен, А.М. Яковлевтің пікірінше, «қылмыстық әрекеттің көптілігі ұғымы қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы, жиынтығы, қайталануы ұғымдарынан нақты орын алады». Дегенмен, атап өту керек, бұл айтылғындарда қылмыстың көптілігі құбылысының сандық белгілері ғана ашылып, оның елеулі сапалы белгілері, мазмұны мен көлемі ашылмайды.

Г. Ф. Поленов қылмыстың көптілігі ұғымын «адамның екі және одан да көп дербес қылмысты құрайтын бірнеше әрекет жасауы», деп анықтайды.

Г.Т. Ткешелидзе, П.С. Дагель және Г.Г. Криволапов қылмыстың көптілігін бір адамның «екі және одан көп» не «бірнеше қылмыс» жасау оқиғасы ретінде сипаттайды. Белгілі бір адамның ғана екі және одан да көп немесе бірнеше қылмыс жасауы деп көрсету қылмыстық әрекеттің көптілігінің елеулі белгісі ретін дұрыс та және қажетті де болып табылады, өйткені қылмыстың көптілігі осынысымен көрініп, білінеді.

Дегенмен, бұл жерде егер тек қана көрсетілген белгілермен шектеліп қалатын болсақ, онда қарастырып отырған ұғымның анықтамасы дәл және толық емес болып қалар еді. Әңгіме мынада, адамның іс жүзінде жасаған екі және одан да көп қылмыстық әрекеттері қылмыстың көптілігі қылмыстық-құқықтық ұғыммен қамтыла бермейді. Әсіресе, мұндай ұғыммен шын өкінуіне (Қазақстан Республикасының ҚК 65-бабы), жәбірленушімен татуласуына (Қазақстан Республикасының ҚК 68-бабы), бұрын жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуының ескіруіне (Қазақстан Республикасының ҚК 71-бабы) байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде (Қазақстан Республикасының ҚК 78-бабы) қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам жаңадан қылмыс жасаған жағдайда, сондай-ақ бір немесе бірнеше іс-әрекет бойынша қылмыстық іс қозғауды болдырмайтын процессуалдық жағдайлар болғанда қылмыстың көптілігі қамтылмайды және басқаша айтқанда, егер жасалған қылмыстың біреуінде қылмыстық ізге түсу үшін негіз немесе өзге де қылмыстық-құқықтық зардаптар болғанда қылмыстың көптілігі болмайды.

Қылмыстың көптілігіне В.Н. Кудрявцев басқаша түсінік береді. Оның пікірі бойынша, «қылмыстың көптілігі жасалған қылмысң бәрі Ерекше

бөлімінің жалғыз қылмысты қарастыратын бір ғана нормасымен қамтыла алмайтындығымен сипатталады». Алайда, жасалған іс-әрекет Ерекше бөлімнің бір нормасымен қамтылмаған болса көптіліктің мұндай белгісі олардың барлық түріне бірдей тән болмайды, тек қана қылмыстың заңның түрлі баптарына жататын және қылмыстың жиынтығы ұғымымен қамтылатын жағдайда ғана қамтылады. Айтып өту қажет, кейінен В.Н. Кудрявцев қарастырып отырған белгіні шығарып тастаған.

Б.А. Куринов қылмыстың көптілігі деп соттылығы жойылған және қылмыстық ізге түсу мерзімі ескермеген жағдайдағы адамның екі немесе одан да көп қылмыс жасауын таныды.

Б.В. Здравосмыслов қылмыстық көптілігі ұғымына мынадай анықтама береді: «қылмыстың көптілігі деп, адамның сот белгілеген үкімімен бұрынғы сотталғанына қарамастан екі және одан да көп қылмыстық әрекеті танылады». Б.Ж. Жүнісов қылмыстың көптілігін «адамның бұрын сотталғанына қарамастан, егер сотталған болса, ең кем дегенде екі заңдық зардабының бірі жойылған жағдайда немесе қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайдағы екі немесе одан да көп қылмыс жасады» деп анықтайды.

Б.М. Леонтьевтің пікірінше «қылмыстың көптілігі – бұл кем дегенде екеуінің біреуі үшін қылмыстық жауаптылық тартылатын, адамның екі және одан көп қылмыс жасауы».

Е.И. Қайыржанов көптіліктің мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: жиынтығы, бірнеше мәрте жасалуы және қайталануы. Қылмыстың көптілігінің бұл түрлері Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында да осылай қарастырылады. Сөйтіп, қылмыстың көптілігі туралы мәселелер қылмыстық құқық теориясында әлі күнге даулы күйінде қалып отыр.

И.И. Рогов пен Г.И. Баймурзин редакциялаған Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы оқулығында берілген қылмыстың көптілігі анықтамасы, біздің ойымызша, қарастырып отырған институттың мәнін толығырақ ашатын сияқты. Сөйтіп, бұл оқулық бойынша, қылмыстың көптілігі деп, ескіру мерзімі өтпеген не соттылығы жойылмаған және алынып тасталмаған, не заңға сәйкес қылмыстық ізге түсу тоқтатылған адамның екі немесе одан да көп қылмыс жасауы танылады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы іс-әрекеттің жасалу сипатына қарай қылмыстың көптілігінің мынадай үш түрін (нысанын) қарастырады:

1. Қылмыстың бірнеше мәрте қайталануы (Қазақстан Республикасының ҚК 12-б.);

2. Қылмыстардың жиынтығы (Қазақстан Республикасының ҚК 13-б.);

3. Қылмыстық қайталануы (Қазақстан Республикасының ҚК 14-б.).

Қылмыстың көптілігі үшін мынадай белгілер тән:

1. Адам кемінде екі бір-біріне қатысы жоқ дербес қылмыстар жасаған болуы керек;

2. Іс-әрекеттердің әрқайсысы соттың үкімімен белгіленген болуы тиіс. Егер адам қылмыс жасаған болса, бірақ қылмыстық іс анықтау, алдын ала тергеу сатыларында немесе сотта қолданыстағы Қазақстан Республикасының ҚК-де көрсетілген негіздер бойынша (мысалы, Қазақстан Республикасының ҚК 65, 66, 68, 70, 71-баптары) тоқтатылған болса, онда ол бұрын жасалған деп саналады;

3. Қылмыс, қылмыстық жауаптылықтың ескіруі мерзімінен (Қазақстан Республикасының ҚК 71-бабы «Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату»), бұрын шығарылған үкімді орындаудың ескіру мерзімі жойылмаған болса (Қазақстан Республикасының ҚК 77-бабы «Айыптау үкімінің ескеру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату»), және адамнан рақымшылық немесе кешірім жасау актілерімен бұрын жасаған әрекеті үшін соттылығы алынып тасталмаған болса (Қазақстан Республикасының ҚК 78-бабы «Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату»), не Қазақстан Республикасының ҚК 79-бабы «Соттылық көздеген негізде сотылығы алынбаған немесе жойылмаған болса жойылуға тиіс емес;

4. Әрбір қылмыс аяқталған немесе аяқталмаған болуы тиіс. Олардың әрқайсысында адам Қазақстан Республикасының ҚК 28-бабында «Қылмысқа қатысу түрлері» көрсетілген рөлдердің кез келгенін орындауы керек;

5. Қылмыстардың әрқайсысы белгілі бір қылмыстық-құқықтық зардапқа әкеп соқтырады.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда қылмыстың көптілігі ең алдымен объектіге елеулі зиян келтіру есебінен олардың (қылмыстардың) қоғамға қауіптілік дәрежесін көтереді, екі немесе одан да көп ұрлық жасаудың меншікке зиян келтіру мүмкіндігі елеулі мөлшердегі бір ұрлық жасауға қарағанда әлдеқайда жоғары болады. Кейбір жағдайларда қылмыстық объектіге келтірген зияндары оның заңдық мазмұнын, яғни ауырлығын өзгертуге негіз болады. Мысалы, екі немесе одан да көп кісі өлтіру Қазақстан Республикасының  ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «1» тармағымен сараланады.

Адамның екі немесе одан да көп қылмыс жасауы оның қоғамға қауіптілік дәрежесін де көтере түседі. Ол қылмыс субъектісінің сана-сезімінде қоғамға жат тұрақты көзқарасының, әлеуметке жат психикалық мақсаты және қылмыс жасауды дағдыға айналдыру негізіндегі ойлау қабілеті мен ішкі қажеттілігі қалыпасуының болуын айғақтайды.

Осы аталған фактілердің болуы жасалған бірнеше қылмыс үшін жауаптылықты арттыруға мәжбүр етеді.

Қылмыстың көптілігі бірқатар заңдық мынадай зардаптарғ ие болады:

1. Заңмен қарастырылатын біртектес және әртектес қылмыстарды жасау кейбір жағдайда ауырлатушы мән-жайларда (мысалы, Қазақстан Республикасының ҚК 188, 189-баптары бірнеше рет ұрлық жасауды және бірнеше рет сеніп ьапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап етуді қарасатырады) немесе аса ауырлатушы мән-жайларда қылмыс

құрамының белгісі болып табылады (мсыалы, Қазақстан Республикасының ҚК 188-бабының 3-бөлігі қорқытып алушылық үшін бұдан бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған қарастырады; Қазақстан Республикасының ҚК 190-бабының 3-бөлігі осы белгілермен жасалған алаяқтықты қарастырады).

2. Мән-жайлар ретінде ауыр жауаптылықтар көрінеді.

Ол бірнеше бағытта аңғарылады:

а) мәселен, ҚР ҚК 54-бабының 1-бөлігі «1» тармағына сәйкес, қылмыстарды әлденеше рет жасау, қылмыстардың қайталануы жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады;

б) Қазақстан Республикасының ҚК 58-бабы негізінде қылмыстардың жиынтығы үшін жаза тағайындау кезінде жазаларды толық немесе ішінара сіңіру қағидасы қолданылуы мүмкін.

3. Бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау кезінде түзеу мекемесінің түрңне әсер етеді. Бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келгендерге Қазақстан Республикасының ҚК 46-бабының 5-бөлігі «1» тармағына сәйкес, қатаң режимдегі түзеу колониясына, қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде Қазақстан Республикасының ҚК 46-бабының 5-бөлігі «4» тармағына сәйкес, ерекше режимдегі түзеу колонияларда жаза өтеу режимі тағайындалады. Аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде жаза мерзімінің бір бөлігін түрмеде өтеу түрінде, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін (Қазақстан Республикасының ҚК 46-б. 6-бөл.).

4. Жекелеген қылмыстар, мысалы Қазақстан Республикасының ҚК 426-бабында қарастырылған бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу бұрынғы қандайда бір қылмыс жасағандай жасалуы мүмкін.

## Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**:12,13,16,18,23,40,41,42,43,44 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 4-тақырып
## Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу туралы ілім. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері. Топ болып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы.

**№1.Дәріс – 2 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу туралы ілім.
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері.
3. Қылмысқа жанасу. Оның қылмысқа қатысудан айырмашылығы.

**№2.Дәріс – 2 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық бойынша қылмысқа қатысу ұғымы. Қылмысқа қатысу институтының құқық қорғау органдарының топтық қылмыстарға қарсы күресіндегі маңызы.

2. Топ болып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы. Қылмысқа қатысу нысандары мен олардың заңдылық сипаттамасы.

**Дәріс тезисі**

Қылмысқа қатысудың екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы деп танылатын анықтамасы республика қылмыстық заңнамасына Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 17-наурыздағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарғысымен енгізілген болатын.

2014 жылғы 3-шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 27-бабында қатысу заң жүзінде, екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады деген анықтамамен бекітілді. Осы ереже Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының 2001 жылғы 21-маусымындағы «Соттардың бандитизм және қатысумен жасалған басқа да қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысында да көрініс тауып, ол құжаттың 2-тармағында «қылмысқа қатысу қасақаналықпен қылмыс жасағанда ғана болуы мүмкін, сондықтан бірнеше адамның абайсыздықта жасаған қылмысы топтасып жасаған адамдардың қылмысы ретінде қарастырылмайды.

Қатысудың заңнамалық анықтамасында оның объективті және субъективті белгілері қамтылған. Бұл жерде объективті белгілер қатысудың объективті шындықта болғанын сипатттаса, субъективті белгілер оның ішкі мазмұнын, яғни, бірлесіп жасалған қоғамға қауіпті құқыққа қайшы әрекетке қатысушылардың арасындағы психикалық өзара байланысты сипаттайды. Қатысуды анықтауда төрт объективті және екі субъективті айырып көрсетіледі.

Қатысудың бірінші объективті белгісі – сандық, яғни екі немесе одан да көп адамның қатысуы. Жекелеп жасаған қылмыс ешқашанда қатысумен жасалды деп танылмайды. Қылмысқа екі немесе одан да көп адам қатысқанда

ғана қылмысқа қатысу туралы сөз қозғауға болады. Қылмысқа қатысудың анықтамада көрсетілген екі немесе одан да көп деген сандық мазмұны қылмыс субъектісінің қасиетіне ие болуы тиіс, яғни олар іс жүзіне жауап беруге қабылетті есі дұрыс, жасаған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылылұға тартуға болатын жасқа толуы керек.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 1993 жылғы 23-сәуірдегі «Соттардың зорлау үшін жауаптылықты реттейтін заңнамаларды қолдану тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында зорлауды орындаушылардың біреуі есі дұрыс емес немесе заңмен белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартуға жасы жетпеген жағдайда зорлауға қатысқан басқа қатысушының әрекеті топпен жасалған деп саналмайды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі (19.12.2003 ж.өзгертулерімен.) «Ұрлық жасау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы нормативтік қаулысының 10-тармағында «занда қарастырылған қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмаған немесе есі адаммен күні бұрын сөз байласып қасақан жасалған қылмыс адамдардың топтасып жасаған қылмысы ретінде саналмайтындығы» жөнінде түсінік берген. Арнайы субъектісі бар қылмыс егер ол екі немесе одан да көп адам қатысып жасалғанда, арнайы субъекті белгілеріне ие болғанда ғана қатысумен жасалған қылмыс деп танылады. Мысалы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 22-желтоқсандағы (20.12.1999 ж. өзгертулерімен) «Соттардың парақорлық үшін жауаптылығы туралы заңнамаларды қолдану тәжірибесі туралы» қауылысының 6-тармағында алдын ала сөз байласқан адамдар тобының пара алуы кезінде бұл қылмысқы қатысушылар кемінде лауазымды екі адам болуы керек, ал осы қылмысты ұйымдастыруды, не көмектесуді, не арандатуды жүзеге асырушы қылмыстың жалпы субъектісі (қылмыстық жауаптылыққа тартуға жасы толған, есі-дені сау) болуы мүмкін.

Атап өту керек, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25-қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелрі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының негізінде Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінің 13-тарауына заң шығарушы лауазымды адамдар мен жауапты мемлектеттік лауызым атқаратын адамдар мен бірге қылмыстың: 1) мемлекеттің функцияларын орындауға өкілетті адам және 2) соған теңестірілген адам деген қылмыстың арнайы субъектісінің екі санатын енгізді. Осыдан келіп, параны лауазымды адамдар ғана емес, осы аталған адамдар да алуы мүмкін деген ой туындайды.

Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының 2001 жылғы 21-маусымындағы «Соттардың бандитизм және қатысумен жасалған басқа да қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысынының 3-тармағында Қазақстан Республикасының ҚК 31-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмысқа

қатысушыларға қатысты «адамдар тобы жасаған қылмыс» деген жіктеуші белгісін оны орындауға екі немесе одан да көп адам қатысып жасаған жағдайда ғана тағылатындығы жөнінде түсінік берілген.

Қылмысқа қатысудың екінші объективті белгісі ол тек қана қатысуды көрсетпейді, бірлесіп қатысуды көрсетеді. Сондықтан, бір уақытта, бір орында екі немесе одан да көп адамның қылмыстық мақсат үшін күшін біріктірмей, әрқайсысы өз беттерімен құқыққа қайшы келетін қоғамға қауіпті жасаған әрекеті қылмысқа қатысу деп танылмайды. Мысалы, бөлімдегі сатушының жоқтығын пайдаланған екі тұтынушы А. мен С. бір-бірімен келіспестен, әрқайсысы өз алдына бөлек әрекет жасап, тауарлар ұрлайды. Алдын ала тергеу органдарымен және Қарағанды қаласындағы Қазыбек би атындағы ауданның сотымен А. мен С.-ның әрекеттерінде осы қылмысты жасауда бірігушіліктері болмағандықтан олардың әрқайсының әрекеті Қазақстан Республикасының ҚК 188-бабының 1-бөлігі «Ұрлық» бойынша сараланады.

Сонымен бірге, басталған қылмыстық әрекетте күш біріктірудің өзі қатысуды қалыптастырады. Мәселен, егер адам бөлімдегі сатушының жоқтығын пайдаланып, тауарларды ұрлап алып, алып шыққан соң бөлісеміз деп оны алып шығуға басқа біреуден көмек сұраса, онда мұндай жағдайда бұл адамдардың әрекеті қылмысқа қатысуды қалыптастырады.

Сөйтіп, бірігіп қатысу қатысушылардың бірлесіп әрекет жасауын білдіреді, мұндайда әркім бір қылмыстың соңғы нәтижеге жетуі үшін белгілі бір ұмтылыс жасап, күш жұмсайды.

Қатысудың үшінші объективті белгісі – бұл қатысушылар үшін бәріне бірдей, жалпы болып саналатын қылмыстың нәтижесі. Белгілі бір зиян келтіру түріндегі зардап екі немесе одан да көп адамдардың бірлесіп жасаған қылмыстық әрекеттінің нәтижесі болуы тиіс. Олардың (қатысушылардың) әрқайсысы бәріне бірдей жалпы нәтижеге жету үшін өз үлестерін қосады.

Ең соңында, қатысудың төртінші объективті белгісі қатысушылардың әрқайсының әрекеті мен жалпы, қатысушылардың бәріне бірдей қылмыс нәтижесінің арасындағы қажетті тікелей себепті байланыстармен көрінеді. Бұл белгі ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің әрекеттері уақыт кеңістігінде орындаушының қылмыстық әрекетінің бұрын болатынын және заңды түрде бәріне бірдей жалпы нәтиженің болуына жетелейтін өздерінің арасындағы да, орындаушының әрекетімен өзара шарттастықта, өзара тәуелді байланыста былатынын көрсетеді.

Заң әдебиеттерінде қатысудың аталған объективті белгілерінің соңғы үшеуі қылмыстың сапалы белгісі деген бір белгілге шоғырланады.

Қатысудың сапалық белгісі бірігіп қатысу ұғымымен ұштасады. «Бірлескен әрекет белгісі – деп атап өтеді М. А. Шнейдер: – біріншіден, қатысушылардың жалпы, бірлескен, бірін бірі толықтыратын күшімен, екіншіден, сол бірлесіп жасалған әрекеттері құқықпен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру түрі арқылы бәріне бірдей нәтижеге жеткенде,

үшіншіден, әрбір қатысушы жасаған әрекет нақты бір жағдайда басқа қатысушылардың (ең болмағанды біреуінің) әрекет жасауының қажетті шартына айналғанда, төртіншіден, қатысушылардың қолжеткізген ортақ нәтижелері әрбір қатысушының әрекетімен себепті байланыста болғанда ғана көрінеді».

Осыған байланысты, қылмысқа қатысудың объективті төрт белгілерін бөлек атап өтудің, не осы белгілерді олардың сандақ және сапалық қасиеттері шеңберінде атап өтудің айырмашылығы жоқ. Оның үстіне мұндай бөлу шартты түрде және объективті және субъективті бөлу болып саналады. Өйткені адамның кез келген қылығы, соның ішінде бірнеше адамның бірлескен қызметі объективтілік пен субъективтіліктің өзара бірлігін білдіреді ғой. Объективті белгілер қатысушылардың ниетінің мазмұны туралы мәселелерді шешу кезінде айқын көрінетін субъективті белгілермен тығыз байланысты. Қатысушылардың әрқайсысы мұндай нақты жағдайда орындаушы мен ісіне қатысушы басқа да адамдардың қызметі үшін қажетті жағдай туғызуымен көрінетін өзінің қоғамға қауіпті әрекетінің сипатын түсіне білуі керек, және қалаған бірлесіп жасайтын әрекетінің нәтижесінде келетін және келуі мүмкін зардаптарды болдырмау жолдарын болжай білуі тиіс. Мұнан басқа қатысушылардың әрқайсысы өзінің әрекеті орындаушының қылмыс жасауының қажетті шарттарының бір болып табылатынын және соған себепті байланыста болатынын жақсы біледі.

Қатысудың субъективті белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

1) мәселе екі немесе одан да көп адамның бірлесіп қатысуы жайында болып тұрған соң, барлық қатысушылар ниетінің бірлігі;

2) қатысудың қасақаны қылмыс кезінде ғана болу мүмкіндігі.

Қатысушылар ниетінің мазмұнына мыналар кіруі тиіс: 1) әрекетті өзі жалғыз емес, басқалармен бірігіп жасайтынын сезінуі; 2) өзінің және басқа қатысушылардың әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын сезінуі. Қатысушы орындаушы жасаған әрекетте қылмыс құрамының элементтерінің бар екендігін сезіне білуі тиіс; 3) жалпы қылмыстық нәтижеге жетуді қалауы.

Қатысу анықтамасында заң шығарушы, бірнеше адамның біріккен күшімен тек қасақана әрекет жасау мүмкіндігіне басты назарды әдейі аудартады. Бұрынғы заңнамадағы бірнеше адамның біріккен күшімен тек қасақана сипаттағы әрекет жасауын көрсетудің болмағандығы заң әдебиеттерінде абайсыздықта жасалған қылмыстарға қатысудың болатындығы жөнінде айтуға себеп болды. Абайсыздықпен қатысу оның жақтастарымен келесідей үш жолмен қарастырылды: абайсыздық қылмыстағы қалақанылықпен қатысу; қасақана қылмыстаға абайсыздықпен қатысу; абайсыздықта бірге орындаушылық.

Қатысудың заңнамалық анықтамасына қарай (Қазақстан Республикасының ҚК 27-бабы) абайсыздықпен қатысу қылмыстық заңда осы әрекетті сипаттайтын белгіленген белгілердің жиынтығына сәйкес келмейтін болғандықтан қабылданбайды. Өйткені, қылмысты қатысумен жасалды деп

тану үшін оның барлық объективті жән субъективті белгілерін анықтау керек. Ал оның кері шешімі бұл мәселенің дұрыс шешімін бермейді.

Мысалға, келесідей айтылған жағдайдағы бөтеннің заттын жасарын алып қою қатысумен жасалған ұрлық деп танылмайды. Пәтерге ұрланып кірген ұры ұрланатын көп затты саты алаңы мен подъезде ешкім жоқта шығара бастайды. Мұны сыртынан байқап қалған жәбірленушінің көршісі осы мезетті пайдаланып, ұры келесі дүниені сыртқа шығару үшін пәтерге кіріп кеткенде ұрының дайындап қойған қапшықтарын, кейін ондағы заттарды сатып, пайда табу үшін өзінің пәтеріне кіргізіп ала қояды. Міне бұл мысалда қылмысқа қатысу жоқ деп айтуға болады, өйткені бұл әрекетте бірігіп қылмыс жасау мен жалпы бірігу ниеті жоқ, әркім өз бетінше әрекет жасады. Сөйтіп, көптеген жағдайда бір мезгілде екі немесе бірнеше адамның жасаған әрекетінде қатысушылық болды деп қорытындылауға болмайды. Қатысу үшін себепті байланыстар, бір ниетке топтасқан бірнеше адамның біріккен әоекеті болуы керек.

Топтасып жасалған қылмыстың жоғары қоғамдық қауіптілігі қоғаға қауіпті қол сұғушылықтың туындау мүмкіндігінің артуымен, сондай-ақ бір адам жасақан қылмысқа қарағанда едәуір зиян (шығын) келтіруімен сипатталады. Сондықтан заң шығарушының Қазақстан Республикасының ҚК 31-бабының 1-4-баптарында қарастырылған адамдар тобы, күні бұрын сөз байласқан адамдар тобы, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық) ұйым жасаған қылмысты қылмыс құрамына саралаушы мән-жайлар ретінде енгізуі әбден орынды. Осыған байланысты адамдар тобы, күні бұрын сөз байласқан адамдар тобы, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық) ұйым құрамында қылмыс жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚК 54-бабына сәйкес қылмыс жасауда белсенді рөл атқаруы қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлатушы мән-жайлар болып танылады. Осы жерде атап өтуге тура келеді, Қазақстан Республикасының ҚК 54-бабының 2-бөлігінде бекітілген, егер Қазақстан Республикасының ҚК 54-бабының 1-бөлігіндегі көрсетілген мән-жайлар ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабында қылмыс белгісі ретінде көрсетілген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайталап ескерілмеуі керек.

Қылмыстың жекелеген құрамдары үшін, заң шығарушы саралаушы белгі ретінде қатысу түрлерін қарастырады. Сөйтіп, қылмыстық заң нормаларына сәйкес, қатысу не саралуға әсер етеді, не жаза тағайындау кезінде ауырлататын мән-жай ретінде ескеріледі.

2014 жылғы 3-шілдедегі қылмыстық кодекстің 27-31-баптарында бекітілген қатысу институты қатысудың объективті, сол сияқты субъективті белглері тән жекелеп алынған қылмысқа қатысты екі немесе одан да көп адамның бірлескен қатысуын қарастыруға мүмкінлік береді.

Қылмыстық заң құқықтық тәртіпті қорғауда мемлекеттік органдардың әсіресе бәрінен бұрын ұйымдасқан, яғни кәсіби негіздегі қылмыстылықтың,

өсуіне қарсы тұруға шақыратын негізгі қаруына айналған, қазіргі жағдайдағы қылмыстылықпен күрес аса өзекті мәселеге ие болып барады. Қылмыстық құқық теориясында мен іс-тәжірибеде, өкінішке орай, 80-жылдың екінші жартысында ғалым криминологтарды әділетті түрде күні бұрын сақтандырған «ұйымдасқан қылмыстылық» пен «қылмыстылықтағы ұйымдасушылық» ұғымдарын шатастыру орын алды.

Мәселен, Ғ.С. Мәуленов, «ұйымдасқан қылмыс ұғымына анықтама беру, қырын белгілеу, оның және топтасқан қылмыстылық арасындағы айырмашылықтарын ажырату өте қиын», деп көрсетеді.

Ұйымдасқан қылмыстылықтағы бірнеше топтың болуы, ұйымдасқандығы, тұрақтылығы сияқты белгілерін толық мәнде топтық қылмыстылыққа жатқызуға болады. Мысалы, тұрақты топтың болуын, атап айтқанда: бандитизм – Қазақстан Республикасының ҚК 268-бабы, теңыз қарақшылығы – Қазақстан Республикасының ҚК 271-бабы, жаппай тәртіпсіздік – Қазақстан Республикасының ҚК 268-бабы сияқты жекелеген қылмыс құрамдарына тән деп айтуға болады.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандар, қоғамның экономикасы мен адамгершілік қалпына теріс ықпал жасайтын, қалыпты мемлекет құрылысы мен қоғамның игілігіне кері әсерін тигізетін қылмыстылықпен әсерлі күрес жүргізу үшін, заң шығарушымен 2014 жылғы 3-шілдедегі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 31-бабымен көзделген топтасқан қылмыстық қызметке тән қатысу нысандарының белгілерін әбден ұғынып алу қажет, деген қорытынды жасаға мүмкіндік береді.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**:12,13,16,18,23,40,41,42,43,44 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 5-тақырып.
## Қылмыстық құқықтағы іс-әрекеттің қылмыстылығын болдыр-майтын мән-жайлар институтының теориялық және тәжірибелік мәселелері.

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар ұғымы мен белгілері. Қажетті қорғану. Оның заңды шарттары. Қажетті қорғаныс шегінен шығу.

2. Қылмыс жасаған адамды ұстау және оның заңды шарттары. Аса қажеттілік және оның заңды шарттары. Жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру.

3. Орынды тәуекел ету және оның заңды шарттары. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Бұйрықты немесе өкімді орындау.

## Дәріс тезисі

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында «Әркім өзін құқық субъектісі деп тануға және өзінің құқықтары мен бостандықтарын қажетті қорғанумен қоса заңға қайшы келмейтін жолдармен қорғауға құқылы» делінген. Сөйтіп, қажетті қорғану институты өзінің бастауын мемлекетіміздің Негізгі заңынан алып, жалғасын құқық саласынан табады. Мәселен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 32-бабында ол былайша бекітілген:

1. Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды.

2. Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады.

Қылымыстық заң қажетті қорғануға оның қоғамға қауіпті әрекет жасауға қарсы бағытталғандығына және сол әрекетімен қоғамдық қауіпті емес, керісінше қоғамға пайдалы болуына байланысты орын береді.

Қажетті қорғану институты қылмыстық құқықта құқықтық тәртіпті нығайтуға көмек көрсетуге шақырылады. Ол қылмыстың жасалу мүмкіндігінің алдын алуға көмек көрсетеді, адамның қылмыс жасау ниеттен арылтуға, сол ниетін жүзеге асыруына тежеу салады. Қажетті қорғану тұлғалардың құқықтары мен бостандықтырын, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғаудың бірден-бір құралы болып табылады.

Құқықтағы қажетті қорғану – бұл азаматтық субъективті құқығы. Кез келген адам қажетті қорғану актісі арқылы қылмыстық қол сұғушылықтан өзінің мүдделерін, меншігін, билік пен басқа да мүдделерді қорғай алады. Осыған қатысты адамның осы құқықтырды жүзеге асыра білуі оның қоғамдық парызын, моральдық міндетін көрсетеді. Қоғамның әрбір азаматының өзін және басқаларды құқық бұзушылар тарапынан болатын қол сұғушылықтан қорғауға және сонысымен қылмыстық іс-әрекеттерге тосқауыл қоюға құқысы бар. Қылмыстық құқық жүйесінде қажетті қорғану –

бұл табиғатында қылмыстық қол сұғушылықтың болуынан туындайтын әрбәр адамның жеке дербес құқығы.

Қажетті қорғану, жалпы тәртіп бойынша белгілі бір жағдайда қоғамға қауіпті қол сұғушылыққа ттойтарыс беретін субъективті құқығы болып табылады. Азаматтарға қажетті қорғану актісін жүзеге асыру міндеті жүктелмейді. Заң азаматтарды жаза арқылы қорқытып, олардың міндетті түрде өздеріне берілген қажетті қорғану құқығын жүзеге асыруды талап ете алмайды. Адам қажетті қорғанысқа бармай-ақ, біреудің көмегімен және сол сияқты әрекеттермен жасалғалы тұрған шабуылдан құтылып кете алады. Алайда, бұл жерде белгілі бір жағдайда, мысалы мемлекеттің немесе қоғамның мүдделеріне не басқа адамның өмірі мен денсаулығына шабуыл жасалғанда қажетті қорғаныс азаматтың моральдық міндетіне айналады.

Белгіглі бір санаттағы адамдар үшін шабуылдан қорғану моральдық қана емес, құқықтық міндеті болып табылады. Мысалы, күзеттегі сақшы оөіне тапсырылған объектіні шабуылдан қорғауға міндетті. Мұндай жағдайдағы қорғаныстан бас тарту Қазақстан Республикасының ҚК 446-бабындағы «Қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу» бойынша нақты қылмыс құрамы немесе тәртіптік қылық болып саналады.

Қажетті қорғану құқығына кейбір санаттағы азаматтар өздерінің кәсіби қызметінің шегінде ие болады. Мәселен Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы «Ішкі істер органдары туралы» заңдық күші бар Жарлығында «оқ-дәрімен аталатын қару, арнайы құралдар мен күш керсету қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді токтау, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды ұстау және ішкі істер органдарына жеткізу мақсатында қолданылады» деп көрсетілген. Осындай құқықтарға Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңдық күші бар Жарлығының 12-бабының негізінде ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері де ие болады.

Сөйтіп, заң шығарушы қол сұғушы адамға тіпті адам өлтіруге дейін зиян келтіруге рұқсата етеді. Қылмыстылыққа бақылау жасау егер ол ықпалы күшті құралдармен күрес жүргізген жағдайда ғана тиімді болуы мүмкін. Осындай ықпалды құралдырдың бірі қажетті қорғану болып табылады.

Мысалы, белгісіз төрт адам біреудің қолындағы сөмкесін жұлып алып, қашып кетпекші болады. Дәл осы кезде оларға жақын жерде Қарағанды қалалық ішкі істер басқармасының Е және К деген екі полиция қызметкері жүрген. Оқиғаның үстінен түскен олар кісі тонаушыларды ұстамақ болғанда олар қарсылық көрсетіп, бір полиция қызметкерін соққыға жығып тастайды. Екінші полиция өзіне бекітілген қаруды қолданбақшы болып, үш рет аспанға оқ атып, төртінші оқты бұзақылардың біреуіне тигізеді. Сөйтіп шабуыл жасағандардың біреуінің тізесіне оқ тиіп, сүйегін зақымдап, ол облыстық

ауруханаға түседі. Тонаушылардың қалғандары да ұсталып, қамауға алынады. Бұл жағдайдағы қару қолдану заңды болып саналады.

Қажетті қорғану, егер ол шабуыл жасауға, сол сияқты қорғануға қатысты белгілі бір шарттарға сәйкес болса, жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігін болдырмайды. Егер онда қылмыс құрамының белгілері болмай және қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтын болса ғана осы жасалған актілердің шарттары заңды деп табылады. Қажетті қорғанысқа қатысты құқықты жүзеге асыру жазалануға жатпайтын ғана емес, заңды әрекет саналады. Қажетті қорғану актісінің заңдылығы тиісті заң талаптарына сәйкес анықталуы тиіс.

Сөйтіп, қажетті қорғану екі топқа бөлінетін шарттардың болуымен ғана заңды деп танылады, олардың бірі – қол сұғушылық, екіншісі – қорғану.

Қол сұғушылыққа жататын қажетті қорғаныстың заңдылық шарттары мынадай болуы тиіс:

1) қол сұғушылық қоғамға қауіпті болуы тиіс;

2) қол сұғушылық көзге көрініп тұруы керек;

3) қол сұғушылық шындығында болуы тиіс.

Қол сұғушылықтың қоғамдық қауіптілігі объективті белгілерінің бар болуымен анықталады. Құқықтық қатынаста қол сұғушылық көбінеесе қылмыс жасау кезінде көрінеді. Ондай қылмыстар өлтіру үшін қастандық жасау, денсаулыққа зиян келтіру, зорлау, тонау, шабуыл жасау түрлерімен көрінеді. Қылмыс туралы айтиқанда, қажетті қорғануды қолдану құқығы туралы сияқты, атап өту керек, ол қасақаналықпен жасалатын іс-әрекет болуы мүмкін. Оқулық әдебиеттерінде көрсетілгеніндей, абайсыздық қылмысты «сенімді түрде сөзбен тоқтатуға болады».

Сонымен бірге, кез келген қасақана қылмысты қажетті қорғануда қолдану құқығы беріле бермейді. Ондайларға қоғамдық қатынастарға тез және болмай қалмайтын зиян келтіруге итермелейтін қасақана қылмысты жатқызуға болмайды. Мысалы, экономикалық контрабандамен айналысуда (Қазақстан Республикасының ҚК 234-бабы), көрінеу жалған жауап беру (Қазақстан Республикасының ҚК 420-бабы) және т.б.

Қажетті қорғану кезіндегі қол сұғушылық нысаны бойынша тек қана әрекет жасаумен көрінуі тиіс. Құқықтық міндетті орындамаудағы әрекетсіздік өзі зиян келтірмейді, солай болғанымен зиянның болуына қарсы әсер етпейді. Бұл жағдайда құқықтық құқықты орындауға мәжбүр ету өз алдына бөлек дербес мән-жайлар болып табылады, және ол шектеулі сипатқа ие болады.

Заң әдебиеттерінде кейде лауазымды адамдардың әрекетіне қарсы қажетті қорғануды қолдану мүмкін бе деген мәселе көтеріліп қалады. Осыған байлансыты жалпы ереже мынадай, лауазымды адамның өзінің құзырына жататын заңды әрекетеріне қарсы қажетті қорғанысты қолдануға болмайды. Мысалы, қылмыскерді қамауға алу үшін ұстауда. Өкімет өкіліне қарсылық жасағаны үшін жауаптылық, егер қарсылық лауазымды адамның өзіне

жүктелген міндетін атқару кезінде жасалғанда басталады. Заңның бұл ережесінің өте маңызды орны бар. Осыдан келіп, өкімет өкілінің заңды әрекеті қылмыстық-құқықтық қорғауға жатқызылады.

Лауазымды адамдардың заңсыз әрекетіне қарсы қажетті қорғаныс мүмкіндігі туралы мәселелерді шешу кезінде белгілі бір қарама-қайшы пікірлер байқалады. Мәселен, профессор А. А. Пионтковский, «лауазымды адамдардың заңсыз әрекетіне қарсы қорғаныс мүмкіндігін шектеу қажет деп санайды. Оны жәбірленуші тұлғаға қатысты қол сұғушылықпен байланысты лауазымды адамның әрекетіне қарсы болғанда заңды деп санау керек. Лауазымды адамның өзге заңды әрекеттері белгіленген тәртіппен шағымдануға жатуы мүмкін, және мұндай жағдайда қажетті қорғануды сылтау етіп, лауазымды адамға қатысты күш қолдануды ақтау онша негізді бола қоймас еді».

Сөйтіп ол, лауазымды адамға қатысты қажетті қорғану жәбірленуші тұлғаға қол сұғушылық болғанда ғана мүмкін деп санайды. Басқаша жағдайларда лауазымды адамға қатысты қажетті қорғануға жол берілмейді. Біздің ойымызша, мұндай көзқарас заңның қажетті қорғаныс туралы барлық талаптарын ескермегендіктен мүлдем дұрыс емес. Керісінше біз, қажетті қорғаныс лауазымды адамдардың кез келген заңсыз әрекеттеріне қарсы болуы мүмкін авторлардың ойларын бөлісіміз. Бұл ең алдымен қоғамға қауіпті қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы қажетті қорғанысты шабуыл жасаушы тұлғаға қатысты мәселе бойынша ешқандай түсінік бермеген заңның өзінен туындайды. Олай болатын болса, қажетті қорғанысты шын мәнінде лауазымды адамның заңсыз, құқықтық объектіге елеулі, тікелей және орны толмас зиян келтіруге бағытталған әрекетіне қарсы қолдануға болады, және оның кез келген басқа адамның қолсұғушылығына қарсы қорғанысынан ешқандай айырмашылығы жоқ.

Мысалы, МАИ қызметкері, ішіп алған күйінде тапаншасымен қорқытып, келе жатақан ГАЗ-24 автомашинасын тоқтатып, оның жүргізушісін түсіріп тастап, кілтін алып қояды және осы машинамен өзі досына қонаққа бармақшы болады. Жүргізуші еш сасқан жоқ, өзін қорғау әдіс-тәсілін қолданып, оны МАИ-дің кзекші бөліміне алып келеді.

Қажетті қорғану қылмысқа қарсы ғана емес, сонымен бірге есі дұрыс емес адамдардың қоғамдық қауіпті әрекеттеріне де қарсы, сондай-ақ қылмыстық жауапқа тартуға жасы толмаған адамға да қарсы қолданылады.

Есі дұрыс емес және қылмыстық жауапқа тарту жасына толмаған адам ұғымы мен белгілері «Қылмыс субъектісі» тақырыбын оқыған кезде нақтырақ қарастырылған болатын. Осындай адамдардың белгілері Қазақстан Республикасының ҚК 15 және 16-баптарында айтылатындығын естеріңізге сала кетеміз.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты Пленумының 1994 жылғы 23-желтоқсандағы «Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғушылықты реттейтін заңнамаларды соттардың қолдануы туралы»

қаулысында қажетті қорғаныс болмағандағы мән-жайлар көрсетіледі. Оларға мына жағдайлар жатады:

1) қол сұғушылығында формальды болса да қылмыстың белгілері бар, бірақ көріне қорғанушы үшін көрінеу онша емес болғанда адам өзінің әрекетімен басқа адамға зиян келтіргенде;

2) адам өзінің одан арғы құқыққа қайшы әрекетін жасауға сылтау етіп. өзіне қарсы шабуыл жасауды тілегенде (төбелес шығару, жәбірге ұшырату, кек алу және басқалар);

3) зиян қол сұғушылыққа тойтарыс берілгеннен кейін немесе аяқталғаннан кейін және қорғану құралының қажетті болмай қалғанда әрі қорғанушы үшін белгілі болғанда.

Мемлектіміздің жоғары сот инстанциялары талап ететіндей, мұндай жағдайда жасалған іс-әрекеттер үшін жауаптылық жалпы негізде жүзеге асады.

Іс-әрекетте қылмыстылықты болдырмайтын екіні мән-жайлар Қазақстан Республикасының ҚК 33-бабында қарастырылған қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру болып табылады. Бұл жөнінде осы баптың 1-бөлігінде былай делінген: «қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

Қылмыс жасаған адамды ұстау, әрбір азаматтың моральдық парызы және мемлекеттік биліктің арнайы органдарының кәсіби міндеті болып табылады. Мысалы Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңдық күші бар Жарлығының 10-бабының 10-тармағында. Ішкі істер органдарының қызметкерлері «белгіленген заңды тәртіп бойынша қылмыс жасаған адамдарды ұстау жөніндегі шараларды өткізуге қатысуға» міндетті екендігі көрсетілген. Мұндай міндеттеме ұлттық қауіпсіздік комитеті, қаржы полициясы агенттігі, кеден қызметі және басқаларға да жүктеледі.

Қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде ұсталған адамның қарсылық көрсетуіне байланысты ұстаушы адамның күш көрсету шараларын қолдануына тура келеді. Сондай шаралардың арасында күшпен зиян келтіру (мысалы, ұрып жіберу, денсаулығына зиян келтіру және т.б.), мүліктік зиян келтіру (қылмыскер тығылған бөлменің есігін сындыру, ол мініп қашып кеткелі тұрған көлікті бүлдіру), ал жекелеген жағдайда өмірінен айыру да болуы мүмкін.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде күш көрсету шаралары былай қарағанда қылмысқа ұқсағанымен ұстаудың өзі қылмыстылықты

болдырмайтын мән-жайлар болып саналатындықтан мұндай шараларда қылмыстың құрамы болмайды.

Бұл институт Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне жаңадан енгізіліп отыр. Дегенмен, бұрын қару қолданумен қылмыс жасаған адамды ұстау туралы ішкі істер органдарының әрекеттерін реттеу түрлі нормативтік актілерде қарастырылды. Мысылы, «КСРО ІІМ ішкі әскерелерінің мәндеттері мен құқықтары туралы» КСРО Заңының 6-бабында және т.б. Бұл жердегі осы нормативтік құжаттарда ұсталушыға зиян келтіру құқығы туралы айтылмады, ал оның мазмұны мен шегі тек қана қылмыстық заңмен реттелетін болды.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға қатысты қылмыстық заңнамалардағы кемшіліктердің орындарын басқарушы сот тәжірибесі толықтырып отырды. Дегенмен, бұл институт қылмыстылықты болдырмайтын басқа мән-жайларға қатысты болды. Мәселен, КСРО Жоғарғы соты Пленумының 1984 жылғы 16-тамыздағы «Қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қажетті қорғану құқығын қамтамасыз ететін заңнамаларды қолдану тәжірибесі туралы» қаулысында, қылмыскерді ұстауға байланысты азаматтардың әрекеттері соттармен қажетті қорғану жағдайдында жасалған әрекет деп қарастыру ұсынылды.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға бұған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы бар (Қазақстан Республикасының ҚК 33-бабының 3-бөлігі). Ұстау тіпті зиян келтіргеннің өзінде де қоғамға пайдалы әрекет деп қарастырылды, өйткені мұндай әрекетте қылмыстық жауаптылықтан жалтару болмайды, ол қылмыстың ашылуына жағдай туғызады, жаңа қол сұғушылықтың жолын кеседі.

Қылмыскерге зиян келтіру, егер оны ұстау үшін қажет болған жағдайда әрекеттің ниеті мен мақсаты бойынша, оның қылмыстық әрекетін тоқтату, қылмыскерді жазалаумен, заңдылықтың бекітілу нәтижесімен ақталады.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау сияқты қылмыстық құқық институтын қарастыру кезінде, қылмыс жасаған адамның заңнан тыс қалып қоймайтынын және соттың үімімен айырылғана құқығынан басқа құқытары сақталатынын ескеру керек. Осыған байланысты оған зиян келтірудің құқықтық сәйкестігі мен оны ұстау кезінде зиян келтірудің шегі қандай болуы керек деген саyал туындайды.

Мұндай сауалға жауап табу үшін қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезіндегі шарттарды ашу қажеттілігі заңды болып саналар еді.

Заң әдебиеттерінде қол сұғушылық жасаған адамды ұстаудың заңды шарттары екі топқа бөлінеді:

1) ұсталушы адамға қатысты заңды шарттар;

2) ұстауға қатысты заңды шарттар;

Бірінші топтағы ұсталушы адамға қатысты заңды шарттарға мыналар жатады:

а) адам қылмыс жасаған болуы керек;

б) қылмыс жасаған адамның өзін өкімет органдарына ұстап жеткізібекші болған адамға қарсылық білдіруі.

Енді ұсталушы адамға қатысты заңды шарттарға нақтырақ тоқталайық.

Адамның қылмыс жасаған болуы қылмыстық-құқықтық ұстау тек қылмыстық-құқықтық әрекет жасаған адамға ғана қатысты жүргізілетіндігін білдіреді. Егер адам қылмыс жасамаған болса, онда оны күштеп әкелуге болмайды.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша заң әдебиеттерінде кездесіп жататын «ұстау бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасаған адамдарға ғана қатысты қолданылады» деген ережеге келіспеушілік білдіруге болады. Бұл жағдайда қылмыс жасаған адамды қылмыстық-құқықтық ұстау мен қылмыстық-іс жүргізулік ұстау екеуін бір бірімен шатастыру айқын көрініп тұр. Қазақстан Республикасының ҚК 33-бабының мазмұнына қарай, қылмыстық-құқықтық ұстау қылмыстылықты және әрекеттің жазалауға жататындығын болдымайтын мән-жайлар болып табылады, және ол бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін қылмыс жасағандарға ғана емес, кез келген басқа қылмыстар жасағаны үшін де қолданылады. Қазақстан Республикасының ҚІЖК 133-бабының мазмұнына қарай, қылмыс жасады деп сезік келтірген адамды ұстау – оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шеші мақсатында қолданылатын мәжбүрлеу шарасы. Дәл осы қылмыстық-іс жүргізулік ұстау ғана бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін қылмыс жасаған адамдарға қолданылады.

Сөйтіп, көрсетіліген ережелерге байланысты белгілі болатыны, қылмыстық-құқықтық ұстау мен қылмыстық-іс жүргізулік ұстау өздерінің өз алдына мақсаты, міндеттері мен қызметі бар әртүрлі құқықтық құбылыстар болып табылады. Сондықтан бұл екі ұғымды шатастырып және бір мазмұнға қоғамдастыруға болмайды.

Ерекше атап өтетін жай, қылмыстық-құқықтық ұстауды әкімішілік қылық жасаған адамдарға қатысты қолдануға болмайды. Сонымен бірге, айта кету керек, із жүзіндегі қызметте әкімішілік немесе өзге де қылық жасаған адамдарды күштеп ұстап әкелу жағдайлары жиі кездесіп тұрады. Дегенмен, мұндай жағдайдағы қылмыстық-құқықтық ұстауға әкімшілік тәртітіпті бұзу мен бірге өкімет өкілдеріне қарсы тиісті күш көрсетудің де болатыны белгілі, ал мұндай жағдайдағы әрекет қылмыс деп бағаланады (Қазақстан Республикасының ҚК 380-бабы) Кейбір авторлар атап өткеніндей, әкімшілік құқық бұзушыларға қатысты жағдайлардың 32, 7% пайызында құқық қорғау органдарының қызметкерлері күш көрсетіп, арнайы құралдар мен оқ-дәрімен аталатын қару қолданған.

## Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 6-тақырып.
## Жазаның түрлері. Жаза тағайындау.

**№1.Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқықтағы жаза ұғымы, белгілері және мазмұны.
2. Жаза мен қылмыстық жауаптылықтың ара қатынасы.
3. Жазаның мақсаттары. Жалпы және арнайы сақтандыру.
4. Жазаның мақсатына жетудегі ішкі істер органдарының рөлі.

**№2.Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1.Жазаның басқа да мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары мен қоғамдық әсер ету шараларынан айырмашылығы.

2. Қылмыстық құқық бойынша жаза тағайындаудың жалпы бастауы.
3. Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және аурлататын мән-жайлар
4. Жаза тағайындаудың арнайы мәселелері.

### Дәріс тезисі

Қазақстанда бұрын қолданыста болған қылмыстық заңнамаларды жаза ұғымының анықтамаладры болмады. Сондықтан болар жаңа Қылмыстық кодекс қабылданғанға дейін құқықтық әдебиеттерде ол жөніндей әртүрлі анықтамаларды кездестіруге болатын еді. Олардың бәрі бір-бірінен қанша айырмашылықта болғанымен өзінің мазмұны жағынан бір арнаға құйғандай болып, жаза қылмыс жасаған кінәлі адамды қылмыстық заңнамалардың негізінде соттардың мемлекеттік ерекше шаралармен мәжбүрлеу болып танылды.

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі 39-бабының 1-бөлігінде жаза ұғымы былайша анықталады: «Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады».

Қылмыстық жаза мемлекеттің адаммен жасалған қылмысқа қарсы әрекетін білдіреді. Қылмыскер үшін жаза – бұл оның жасаған қылмыстық әрекетінің қылмыстық-құқықтық зардабы.

Біріншіден, жаза – бұл адамның қылмыс болып табылмайтын құқық бұзушылықтар (әкімшілік құқық бұзушылық, тәртіп бұзушылық және т.б.)

жасауына мемлекеттің қарсы әрекеті ретіндегі мемлекеттік өзге мәжбүрлеу шараларынан айырмашылықта болатын мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы. Бұл шараның ерекше сипаты – ол қылмыстық заңмен қылмыс ретінде қарастырылған іс-әрекет үшін ғана тағайындалуы тиіс (Қазақстан Республикасының ҚК 9-бабы).

Адамға жаза қолданудің негізі тек қана оның қылмыс жасауы болуы керек. Егер адам қылмыс жасамаса, оған ешбір жағдайда жаза қолданылмауы тиіс. Рас, кеңестік қылмыстық құқығында бұл ережелерді сақтамаудың салдарынан қайғылы жағдай әкеп соқтырған мысалдар баршылық. Мәселен, 1924 жылғы КСРО және одақтас республикалардың Қылмыстық заңнамаларының Негізгі ережелерінде жаза «әлеуметтік қорғау шаралары» деген ұғыммен ауыстырылды. Жаза ұғымынан бас тартып және қылмыстық құқыққа «әлеуметтік қорғау шаралары» ұғымды енгізу іс жүзінде сот әділдігін жүргізуде заңдылықтардың өрескел бұзылуына әкеп соқтырды. Нақты қылмыстың жасалуында кінәсіз адамдарға әлеуметтік қорғау шараларын қолдану тәжірибесі Қылмыстық заңнамалардың Негізгі ережелерінде қарастылғаннан гөрі тым шектен шығы кетушілікті көрсетті.

Мәселен, КСРО Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің 1934 жылғы «КСРО ішкі істері халық комиссары жанындағы ерекше кеңес туралы» қаулысында әлеуметтік қауіпті деп танылған адамдарға осындай шаралардың 5 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу лагерьлеріне қамау ретіндегі мүмкіндіктер қарастырылды. Әлеуметтік қорғау шараларын, шын мәніндегі қылмыстық жазаны соттан тыс қолдану 1953 жылы тоқтатылып, ал қылмыстық жаза ұғымы (әлеуметтік қорғау шаралары орнына) 1958 жылы қылмыстық заңнамларда – КСРО және одақтас республикалардың Қылмыстық заңнамаларының Негізгі ережелерінде қалпына келтірілді.

Екіншіден, жаза тек қана мемлекет атынан соттың үкімімен тағайындалады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 1-тармағына сәйкес, «адам заңды күшіне енген сот үкімімен кінәлілі танылғанға дейін қылмыстың жасалуына кінәлі емес деп танылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы 3-бөлігіне сәйкес, «Қазақстан Республикасында сот әділдігі тек қана сотпен жүзеге асырылады»

Мемлекет атынан шығарылған және қылмыс жасуды кінәлі деп танылған адамға жаза тағайындауды анықтаушы айыптау үкімі жасалан қылмыс пен қылмыскердің өзіне берілген мемлекттің ресми бағасы болып табылады. Осыған байланысты жаза қылмыс жасаған адамды мемлекеттің айыптауы саналады.

Үшіншіден, мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шараларына қарағанда, жаза қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жағдайда соттылықтың жойылуы немесе алынып тасталуы мүмкін құқықтық зардардтарына әкеп соқытыады (Қазақстан Республикасының ҚК 79-бабы).

Төртіншіден, жаза қатаң жеке сипатқа ие болады. Ол қылмыскердің өзіне ғана қатысты қолданылады және оны қандайда бір жағдайда болмасын басқа бір адамға аудара салуға болмайды (мысалы, кәмелетке толмағандардың ата-анасына).

Бесіншіден, жаза қашанда қылмыс жасаған адамның құқықтыры мен бостандықтарын шектеумен байланысты, оған белгілі бір моральдық жапа шегуге әкеп соғады және белгілі бір игіліктерінен (бостандығынан, мүліктік игілігінен және басқалардан) айырады. Олар моралдық, жанға бататын, материалдық және басқа түрлерде болуы мүмкін. Мысалы, бас бостандығынан айыруға сотталған адам бірқатар жеке құқықтарынан және ең алдымен бостандығынан айырылады. Мүлкін тәркілеуде мүлкіне, айыппұл салуда материалдық жағдайына нұқсан келтіріледі. Белгілі бір лауызымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру сияқты жаза лауазымды, кәсіпті таңдау құқығынан айырады. Жазаның жазалау элементтері үрейлендіру, қорқыту қасиеттерімен көрінеді. Жазалау жазаның ауырлық дәрежесін көрсетеді, жазалау неғұрлым каттырақ болса, жазаның ауырлығы да неғұрлым жоғары болады. Өз кезегінде тағайындалатын жазаның ауырлығы жасалған қылмыстың ауырлығына, қылмыскердің тұлғасына және іс бойынша басқа да мән-жайларға байланысты болады.

Жазаны дұрыс тағайындау – құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен күрес жолындағы жұмыстардың әсерлілігін арттырудың міндетті шарттарының бірі.

Заңды, негізді және әділ жаза тағайындау қылмыстылықпен күрестің және құқықтық тәртіп нығайтудың маңызды құралы болып табылады. Ол қажетті жазалау ықпалдармен қамтамасыз етеді, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталғандардың түзелуіне, сол сияқты сотталғандар мен өзге да адамдардың қылмыс жасауын ескертуге мүмкіндік береді.

Жасалған қылмыс үшін тек сот қана жаза тағайындай алады. Одан басқа мемлекеттің ешқандай органы мұндай құқықты пайдалана алмайды.

Сот кінәліге жаза тағайындау кезінде нені басшылыққа алуы керек.

Жаза тағауындаудың жалпы бастауы Қазақстан Республикасының ҚК 52-бабымен анықталған. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының ҚК 52-бабында былай делінген:

1. Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және осы Кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

2. Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыс үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза тағайындалады. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза осы Кодекстің 58 және 60-баптарына

сәйкес қылмыстардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен қатаңдығы төменірек жаза тағайындау үшін негіз осы Кодекстің 55-бабында белгіленеді.

3. Жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Бұл баптың мазмұнынан, оның қылмыстық құқықтың барлық негізгі деген институттарын бойына сіңіріп тұрғанын көруге болады (мысалы, қылмыс құрамы, қылмыс сатылары, қылмысқа қатысу институты сияқты және басқалар).

Сот жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқықтың заңдылық, адамгершілік, әділеттілік және жазаны жекелендіру сияқты қағидаларды басшылыққа ала білу керек. Олар Қазақстан Республикасының ҚК 52-бабының мағынасынан туындайлы.

Заңдылық қағидасы соттардың жасалған қылмыс үшін жауаптылық қарастыратын заң баптарының белгіленген санкциясы бойынша дәлме-дәл накты жаза тағайындау кезінде көрінеді. Бұл санкцияның шегі накты қылмыс пен кінәлі тұлғасының жекеленген ерекшеліктерін ескеру үшін толығымен жеткілікті. Мысалы, басқыншылық соғыс үшін сот Қазақстан Республикасының ҚК 160-бабының 2-бөлігіндегі санкциядан асып жаза тағайындай алмайды, яғни 10-жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, не өлім жазасы немес өмір бойы бас бостандығынан айыру. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы қабылдаған өлім жазасын қолдануға мораторий жариялауға байланысты Жарлығы және келешекте осы жаза түрінің мүлдем жойылатындығына байланысты заң әдебиеттерінде Қазақстан Республикасының ҚК 40-бабында өмір бойы бас бостандығынан айыруды негізгі дербес жаза ретінде көрсету жөнінде пікірлер айтылып жүр. Осы сияқты айтылғандар өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын бөлек бапта қарауға негіз болар еді. Қазақстан Республикасының ҚК 188-бабының 1-бөлігі ұрлық үшін үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалауды қарастырып қана қоймай, екі жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуды, не жүз сексеннен екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуды, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына тартуды, не алты айға дейінгі мерзімге қамауды қарастырады.

Жаза тағайындау кезінде сот Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінің ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Бұл дегеніміз – сот жаза түрлері мен мөлшерін таңдау кезінде мыналарға назар аударуы керек деген сөз:

а) жасалған әрекеттің қылмыс болып саналатын, яғни Қазақстан Республикасының ҚК 10-бабының 1-бөлігіндегі белгілерге (қоғамдық қауіптілігі, құқыққа қайшылығы, кінәлілік, жазалауға жататындық) сәйкес келетінін анықтау керек. Сол сияқты Қазақстан Республикасының ҚК 10-бабының 2-бөлігінде Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік белгілерінде басқа да бір іс-әрекет белгілерінің бар-жоқтығын анықтау керек;

б) осы жағдайлардағы іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігін, және сол сияқты жауаптылық пен жазалауға жататындықты болдырмайтын мән-жайларды анықтау керек (қажетті қорғану – Қазақстан Республикасының ҚК 32-бабы, қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру – Қазақстан Республикасының ҚК 33-бабы, аса қажеттілік – Қазақстан Республикасының ҚК 34-бабы және басқалары);

в) қылмыс жасаған болса, жазадан босату негізінің бар-жоқтығын анықтау (ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату – Қазақстан Республикасының ҚК 75-бабы, төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру – Қазақстан Республикасының ҚК 75-бабы);

г) қылмыстың аяғына дейін жеткізіле жасалмағандығына байланысты қылмыстың ниеті мен себептерінің жүзеге асырылу дәрежесін (Қазақстан Республикасының ҚК 24-бабы), осыған байланысты қылмыс нәтижесінің әрекеттің қоғамдық қауіптілігін көтеруге жақындығын ескеру керек;

д) қылмыс жасаудағы адамның қатысу сипаты мен дәрежесін ескеру керек (Қазақстан Республикасының ҚК 28-29-баптары);

е) жаза түрлерін қолдану тәртібін қатаң сақтау қажет (жаза жүйесі, оларды негізгі және қосымша жаза түрлеріне бөлу – Қазақстан Республикасының ҚК 40-бабы, жаза түрлерін қолдануды шектеу – Қазақстан Республикасының ҚК 41-48-баптары).Соттар белгілі бір жаза түрлерін заңмен белгіленген тәртіп пен шарттардың нақтылығын сақтай отырып қолдана алады.

Адамгершілік қағидасы жаза тағайындау кезінде мыналар арқылы көрінеді:

а) сот нақты бір жазалау шарасын таңдаған кезде кінәліге тән азабын шектіруді немесе қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді (Қазақстан Республикасының ҚК 39-бабы);

б) өлім жазасы, бас бостандығын айыру сияқты жаза түрлерін қолдануды шектеуге тырысады;

в) ерекше бір жағдайларда ғана белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза қолдануды қарастырады (Қазақстан Республикасының ҚК 55-бабы);

г) соттың Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінде қарастырылған жазадан басқа қатаңырақ жаза қолдануға құқығы жоқ;

д) жеткілікті негіз болған жағдайда сот шартты түрде соттауды кеңінен қолданады (Қазақстан Республикасының ҚК 63-бабы).

Жазаны жекелендіру қағидасы бойынша жаза тағайындау кезінде сот кінәлінің тұлғасы мен жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, жасалған іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне және нақты қылмыскердің тұлғасына сай келетін заң мен сот әділдігі негізіндегі жазалаудың нақты шараларын таңдап алады.

Қоғамдық қауіптілік сипаты – бұл қылмыстың бір түріне ғана емес, барлық түріне тән белгі. А. И. Марцевтің пікірі бойынша, қылмыстың сипаты нң бірінші кезекте оның объектісі сияқты белгімен анықталады. Мысалы, кісі өлтіру қылмысының барлық түрі мен жолының қоғамдық қауіптілігі бірдей, қарақшылықпен шабуыл жасау да сондай. Солай бола тұрса да, мысалы – тонау ұрлыққа қарағанда қауіптірек қылмыс, шабуыл жасау да ұрлық жасаудан гөрі қауіптірек.

Қазіргі заманғы қоғамымыздың даму кезеңіндегі қылмыстық саясат ауыр қылмыс жасағандарға қатаң жаза қолдануды және қоғам үшін онша қауіпті емес қылмыс жасағандарға адамгершілік көзқараспен карауды мақсат етеді.

Қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипатын ескере білудің жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларын бағалауда және олардың кінәліні жазалау шараларына әсерін ескеру маңызды орын алады. Мәселен, қауіптілігі аздау қылмысқа жаза анықтау кезінде, кейбір жеңілдетуші мән-жайлар шешуші маңызға да ие болуы мүмкін. Керісінше, қауіптірек іс-әрекет жасалған жағдайда осы жеңілдетуші мән-жайлар тіптен назарға да алынбауы мүмкін. Мысалы, алааяқтық, өзінше билік ету, салақтық және сол сияқты қауіптілігі аздау қылмыстарды бірінші рет жасаған жағдайда аталған мән-жайлар жазаны жеңілдетудің негізі болып табылады. Сол сияқты бандитизм, ауырлататын мән-жайлармен адам өлтіру сияқты ауыр қылмыстарды жасау кезіндегі сол мән-жайлар енді жазаны жеңілдетуші мән-жайлар ретінде қарастырыла алмайды.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесі – бұл нақты бір қылмыстық әрекетті сипаттайтын белгі. Сипаты бойынша қоғамға қауіптілігі бірдей қылмыс, олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай түрлі айырмашылықта болуы мүмкін.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесі қол сұғу объектісіне келтірілген шығынның мөлшері мен сипатына, қылмыстың жасалуы тәсіліне, кінәнің, ниеттің, мақсаттың және басқа да жағдайлардың сипаты мен дәрежесіне байланысты. Мысалы, 3 мың теңгенің нәрсесін ұрлаудың қауіптілік дәрежесі

12 мың теңгенің нәрсесін ұрлауға қарағанда төмендеу болады; жәбірленушінің арандатуынан пайда болған төбелестегі кісі өлтіруден гөрі кек алу үшін кісі өлтірудегі қоғамдық қауіптілік дәрежесі артықтау болады, бірақ қанша айтқанменде, бұл қылмыстардың қоғамдық қауіптілік сипаттары бірдей, заң жүзінде де бұлар бірдей сараланады (Қазақстан Республикасының ҚК 188-б. 1-бөл, 99-б. 1-бөл.).

Қазақстан Республикасының ҚК 52-бабының 3-бөлігінде сондай-ақ соттың әділетті жаза тағайындауы үшін «кінәлінің тұлғасын» ескеру қажеттігі ерекше көрсетіледі. Бұл соттың кінәлінің моральдық бейнесін, оның өткендегі және осы кездегі еңбек қызметін, Республика алдында сіңірген еңбегі, қоғамдық өмірдегі және тұрмыстағы мінез-құлқы, жас шамасы, денсаулық жағдайы, соттылығының бар-жоқтығы және басқаларын анықтауымен көрінеді. Сонымен қатар заң кінәлінің қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалын ескереді.

Жазаның әділеттілігі қағидасы қылмыстық заңнама талаптарының бірін құрайды. Жазаның әділеттілігі – бұл біздің қоғамымызға тән адамгершілік қасиет белгісі.

Кінәліні түзу жолға түсіріп қана қоймай, қоғамның барлық мүшелерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғай отырып, олардың құқықтары мен қауіпсіздіктерін сақатуды қамтамасыз ететін қылмыс қана әділетті деп танылады. Әрбір кінәлі адам өзі жасаған қылмысына сәйкес жазалануы тиіс. Сот жазаның әділеттілігін қоғамға седіре білуі керек.

### Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 7-тақырып.
## Қылмыстық жауаптылықтан босату.

**Дәріс – 1 сағат**

### Сұрақтары:

1.Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ұғымы мен маңызы.

2.Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі мен түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтық зардабы.

### Дәріс тезисі

Көптеген жағдайда кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ немесе кінәліні соттау кезінде жаза өтеуден толығымен немесе ішінара

босату арқылы да жалпы және арнайы есерту мақсатына қол жеткізуге болады.

Қылмыстық құқық осының жолдарының бірі қылмыстық жауаптылық пен жазалаудан босату институты деп біледі.

Қылмыстық жауаптылық ұғымының ауқымы жазалау ұғымына қарағанда кең. Кейбір жағдайларда қылмыстық жауаптылықтың жаза қолданбай-ақ немесе оны атқармай-ақ немесе толығымен атқармай-ақ қолданылатын кездері де болады.

Сонымен бірге қылмыстық жаза тағайындау мен оны атқару қылмыстық жазаны жүзеге асыру тәртібімен ғана жүргізіледі.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық іс қозғауден бас тарту немесе оны тоқтату жолымен де көрінуі мүмкін.

Қылмыстық жауаптылықтың мәнін түсіне білу қылмыстық жауаптылықтан кез келген босатудың өзі жазалаудан да босату деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді, қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде субъекті айыптау үкіміндегі қылығына берілген ресми бағалаудан да арылады. Басқаша айтқанда, қылмыстық жауаптылықтан босату жазалаудан да босату деп танылады, сол сияқты жазадан босату да қылмыстық жауаптылықтан ішінара ғана босату деп танылады, өйткені бұл жерде адам сотталған атанып, қылмыскер деп жарияланған болып шығады.

Демек, қылмыстық жауаптылықтан босатуды айыпталуы үкімі нысанында көрінген және соттылық сияқты құқықтық зардаптан құтыла алмайтындай қылмыс жасаған адамның қылығын заңмен қарастырылған жағдайда құзырлы орган адамдарының мемлекет атынан ресми түрде айыптаудан бас тартуы деп анықтауға болады. Қылмыстық жауаптылықтан босатуды бұлайша түсіну қылмыстық жауаптылықтың өзінің тиісті ұғымына сәйкес негізделуі керек, деп ұйғарады көптеген ғалымдар.

Қолданыстағы қылмыстық заңнама қылмыстық жауаптылықтан босатудың мынадый түрлерін қарастырады:

а) шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (Қазақстан Республикасының ҚК 65-бабы);

б) қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (Қазақстан Республикасының ҚК 66-бабы);

в) жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (Қазақстан Республикасының ҚК 68-бабы);

г) жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (Қазақстан Республикасының ҚК 70-бабы);

д) ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (Қазақстан Республикасының ҚК 71-бабы);

е) рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (Қазақстан Республикасының ҚК 78-бабы);

Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

(Қазақстан Республикасының ҚК 65-бабы);

1. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол қылмыс жасағаннан кейін айыбын мойындап өз еркімен келсе немесе қылмысты ашуға жәрдемдессе, немесе қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты қоспағанда, қылмыс жасаған адам, егер ол ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмыстарда болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмысқа басқа да қатысушыларды анықтауға белсенді түрде жәрдемдессе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген жағдайлар болған кезде басқа санаттағы қылмыс жасаған адам тек осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында арнайы көзделген реттерде ғана қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату(Қазақстан Республикасының ҚК 65-бабы) қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатудың жаңа түрі болып саналады. 1959 жылғы қылмыстық заңнамада шын өкініп келу жеңілдетушы мән-жай ғана саналып және ол жаза тағайындау кезінде ғана ескерілді.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 8-тақырып.
## Қылмыстық жазадан босату.

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық жазадан босату ұғымы мен түрлері.
2. Сотталғандықты жою және алып тастау.

**Дәріс тезисі**

Қазақстан Республикасының ҚК 65-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуға мыналар негіз болып саналады:

а) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасау;

б) бірінші рет қылмыс жасау;

в) айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға жәрдемдесу, қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтіру. Заң осындағы айыбын мойындап келуді маңызды шарт санайды. Айыбын мойындап келу

айыптының құқық қорғау органына өзінің еркімен өтініш жазып келуімен айғақталады.

Қылмысты ашуға жәрдемдесу тергеу органдарына жасалған іс-әрекеттің барлық мән-жайларын анықтауға, қылмысқа қатысушыларды, қылмысты жасаған қарулар мен құралдарды, қылмыстық жолмен табылған заттарды тауып алуға белсене көмектесу арқылы көрінеді.

Қазақстан Республикасының ҚК 65-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату шарттарының бірі кінәлінің өз еркімен бүлінген мүліктерді қалпына келтіру, оларды жөндеу, ақшалай қайтарымын жасау түрімен көрінетін қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтіру болып табылады. Қалпына келтіруге мүліктік зиян ғана емес, моарльдық зиян да жатады. Мычалы, жала жабу немесе балағаттауға байланысты көпшілік алдында кешірім сұрау.

Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (Қазақстан Республикасының ҚК 66-бабы);

Қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен асқан адамды сот істің мән-жайын ескере отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Қажетті қорғану жағдайында зиян келтіру іс-әрекеттегі қылмыстылық мән-жайларды болдырмайтын қоғамдық пайдалы ірекет ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, қылмыстық заң қажетті қорғану шегінен асқан кездегі жазалауға жататндықты да жоққа шығармайды. Қазақстан Республикасының ҚК 32-бабының 3-бөлігінде нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылатындығы айтылған.

Кез келген қол сұғушылық, әсіресе ол кездейсоқ, кенеттен болса адамның психикасын қоздырып, тепе-теңдігінен айырып және сөз жоқ толқушылыққа әкеп тірейді, соның нәтижесінде қауіптілік жоғарылай түсуі мүмкін. Мұндай жағдайда қорғанушы оқиғаны жағдайдға сай бағалай алмай қалады да, қорғаныс әрекетін күшейте түседі.

Осыған орай Қазақстан Республикасының ҚК 66-бабы, егер қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау кезіндегі жасаған әрекетіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды қарастырады. Профессор И. Ш Борчашвили адам бойындағы үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау қажетті қорғану шегінен асқан кезде ғана емес, қажетті қорғанудың кез келген жағдайында болады деп санайды. Сондықтан да Қазақстан Республикасының ҚК 66-бабының құрылысы қажетті қорғанудың шегінен асудың құқықтық жай-күйін, оның қылмыстық-құқықтық мәнін көрсетпейді, деп ұйғарады автор.

Заң шығарушы қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуды мынадай белгілі бір шарттары болғанда ғана қарастырады:

1) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде адамның бойында үрейлену, қорқу немесе сасқалақтаудан басқа мысалы, кек алу, өкпелеу, жазықсыз тису сияқты себептер болмауы тиіс;

2) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде аталған себептер басқа әрекеттердің салдарынан емес, қоғамға қауіпті қол сұғушылық болғанда ғана орын алуы тиіс, мысалы, тәртіпсіз қылық, әкімшілік құқық бұзушылық азаматтық-құқықтық іс және т.б.;

3) қажетті қорғанудың шегінен асқан жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде қалған басқа жа мән-жайлар ескеріледі, мысалы, жасалған қол сұғушылықтың орны, уақыты, жағдайы. Қорғану сипаты мен дәрежесі, құл сұғушылар мен қорғанушылардың саны жән т.б.;

4) қажетті қорғанудың шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босатуды шешу құқығы сотқа ғана беріледі.

## Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## Семинар (тәжірибелік) сабақтардың жоспары

## Семинар сабақтары

### 1-тақырып

### Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы ұғымы және жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы.

**Семинар 1 – сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық ұғымы, қағидалары мен міндеттері. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың қалыптасуы мен дамуының теориялық және қолданбалы мәселелері.

2. Қылмыстық заң ұғымы. Оның өзіне тән қасиеттері мен мағынасы. Қылмыстық заңның уақыттағы және кеңістіктегі әрекеті. Қылмыстық Заңның кері күші. Қылмыстық заңды сот-тергеу тәжірибесінде қолдану.

**Тапсырмалар:**

1.Қылмыстық құқық ұғымы, қағидалары мен міндеттері.

2.Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың қалыптасуы мен дамуының теориялық және тәжірибелік мәселелері.

3. Қылмыстық заң ұғымы.

4. Қылмыстық заңның уақыттағы және кеңістіктегі әрекеті.

5. Қылмыстық Заңның кері күші.

6. Қылмыстық заңды сот-тергеу тәжірибесінде қолдану.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 12,13,14,15,16,17,18 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

### 2-тақырып.

### Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы (қылмыс пен қылмыстық теріс қылық). Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.

**Семинар 1 – сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасы.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық белгілері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау және оның қылмыстық құқық теориясы мен құқық қолдану тәжірибесіндегі мәні.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық санаттарының құқықтық зардаптары.

**Тапсырмалар:**

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасы.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық белгілері.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау және оның қылмыстық құқық теориясы мен құқық қолдану тәжірибесіндегі мәні.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық санаттарының құқықтық зардаптары.

### Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 12,13,14,15,16,17,18 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 3-тақырып.
## Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігі

**Семинар – 1 сағат**

### Сұрақтары:

1. Қылмыстың көптілігі ұғымы және түрлері. Көптіліктің бірыңғай күрделі қылмыстан айырмашылығы. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы, оның түрлері мен құқықтық зардаптары. Қылмыстардың жиынтығы ұғымы, белгілері мен түрлері. Қылмыстың қайталануы, оның түрлері мен құқықтық зардаптары.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша қылмысқа қатысу ұғымы. Қатысудың түрлері. Қылмысқа қатысудың түрлері мен олардың заңдық сипаттамасы. Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негіздемелері мен шектері. Қатысудың арнайы мәселелері. Құқық қорғау органдары қызметі үшін қатысу институтының мәні.

**Тапсырмалар:**

1. Көптіліктің бірыңғай күрделі қылмыстан айырмашылығы.

2. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы, оның түрлері мен құқықтық зардаптары.

3. Қылмыстардың жиынтығы ұғымы, белгілері мен түрлері.

4. Қылмыстың қайталануы, оның түрлері мен құқықтық зардаптары.

### Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 12,13,14,15,16,17,18 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

**4-тақырып.**
**Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу туралы ілім. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері. Топ болып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы.**

**№1.Семинар 1 – сағат**
**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу туралы ілім. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері. Қылмысқа жанасу. Оның қылмысқа қатысудан айырмашылығы.
2. Қылмыстық құқық бойынша қылмысқа қатысу ұғымы. Қылмысқа қатысу институтының құқық қорғау органдарының топтық қылмыстарға қарсы күресіндегі маңызы.

**№2.Семинар 1 – сағат**
**Сұрақтары:**

1. Топ болып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық.
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы.
3. Қылмысқа қатысу нысандары мен олардың заңдылық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 12,13,14,15,16,17,18 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

**5-тақырып.**
**Қылмыстық құқықтағы іс-әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жайлар институтының теориялық және тәжірибелік мәселелері**

**Семинар 1 – сағат**
**Сұрақтары:**

1. Іс-әрекетте қылмыстылық болдырмайтын мән-жайлар ұғымы мен белгілері. Қажетті қорғану. Оның заңды шарттары. Қажетті қорғаныс шегінен шығу.
2. Қылмыс жасаған адамды ұстау және оның заңды шарттары. Аса қажеттілік және оның заңды шарттары. Жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру.
3. Орынды тәуекел ету және оның заңды шарттары. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Бұйрықты немесе өкімді орындау.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 12,13,16,18,23,40,41,42,43,44 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

**6-тақырып**

**Жазаның түрлері. Жаза тағайындау.**

**№1.Семинар 1 – сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқықтағы жаза ұғымы, белгілері және мазмұны.
2. Жаза мен қылмыстық жауаптылықтың ара қатынасы. Жазаның мақсаттары. Жазаның мақсатына жетудегі ішкі істер органдарының рөлі. Жазаның басқа да мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары мен қоғамдық әсер ету шараларынан айырмашылығы.

**№2.Семинар 1 – сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық құқық бойынша жаза тағайындаудың жалпы бастауы.
2. Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және аурлататын мән-жайлар
3. Жаза тағайындаудың арнайы мәселелері.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

**7-тақырып.**

**Қылмыстық жауаптылықтан босату.**

**Семинар – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1.Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ұғымы мен маңызы.

2.Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі мен түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтық зардабы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## 8-тақырып.
## Қылмыстық жазадан босату.

**Семинар – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық жазадан босату ұғымы мен түрлері.
2. Сотталғандықты жою және алып тастау.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі**

**Нормативтік-құқықтық актілер**: 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер**: 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер**: 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**Ғаламтор көзі**: 1-8 интернет қайнар көздерін қараңыз.

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным

Дәріс сабақтардан кейін семинар сабақтары өткізіледі. Олар курстағы маңызды және күрделі деген тақырыптарды тереңірек меңгеруге ықпал етеді.

Магистранттарды семинар сабақтарға дайындау оқытуға қатысты сұрақтарды өз беттерімен меңгеруге қажетті негізгі бағыттарды анықтайтын тақырыптар бойынша дәріс конспектілерін зерделеуден тұрады. Семинар сұрақтарын зерделеудің келесі қадамына оқулық пен сәйкес нормативтік актілермен жұмыс істеу жатады; содан кейін логикалық бірізділікпен жауап мазмұны көрсетілген жауаптар конспектісін құру жатады. Сабаққа дайындық өзін өзі бақылауға арналған сұрақтарға магистранттардың жауаптарымен аяқталады.

Семинар сабақтарына ұсынылған сұрақтарды «Заңнан тәжірибеге, қолдану проблемасынан қылмыстық заңдылықтарды және құқықты қолдану тәжірибесін жетілдіруге» деген кесте бойынша қарастыру ұсынылады. Семинар сұрақтарын талқылау пікір - сайыс түрінде, рефераттарды талқылау, турнир ойыны, баспасөз - конференциясы немесе дөңгелек үстел түрінде өткізілуі мүмкін. Сабақ жоспарында семинар сабақтарын өткізудің ұсынылған нұсқасы берілген, бірақ нақты сабақ өткізу формасын қандай да бір топта сабақ жүргізетін оқытушының өзі анықтайды.

Нақты сабақ өткізудің формасына қарамастан әрбір магистрант қаралып отырған сұрақ бойынша өз пікірін айтуға және өз ұстанымын дәлелдеуге дайын болуы керек. Кафедра ақылға қонымды сын айтқан, теориялық материалды ішкі істер органдары әрекетінің тәжірибесімен байланыстыра білген пікірлерді қолдайды.

## Тәжірибелік сабақтар
## 1-тақырып
## Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы ұғымы және жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы.

**Тәжірибелік 1 – сағат**

Сабақ мақсаты: магистранттарға қылмыстық құқық бұзушылықтардың санаттарына қатысты мәселелерді сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

**Тапсырмалар:**

Доцент С. М. Иманбаев, з.ғ.к., профессор Р. Б. Құлжақаева, з.ғ.к., Д. С. Темирова, з.ғ.к., Г. Ж. Мұхамадиева, Ө.А. Тұрғанов «Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері» атты арнайы курс бойынша жаттығулар жинағы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011. Есептерді шешу және талқылау.

1. Шульгин Ресей Федерациясында зорлау қылмысы үшін сотталып, жазасын өтегеннен кейін Қазақстан Республикасына келіп, тағы да сондай қылмысқа барады. Қазақстан Республикасының алдын ала тергеу органдары Шульгиннің іс-әрекетін ҚР ҚК 120-бабы 2-бөл. 4) тармағы бойынша саралайды.

*Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан бағалаңыздар.*

*Талқылауға басқа да нұсқаларды құрастырыңыз.*

2. Қырғызстан азаматы Мукалиев, Астана-Алматы поездімен келе жатып, Шу станциясында бөтен біреудің мүлкін жасырын ұрлайды. Сол үшін ол Қазақстан Республикасының ҚК 188-бабымен жауаптылыққа тартылды. Кассациялық шағымында ол Қырғызстан Республикасының заңдарына сай жауаптылыққа тартылуын сұрады, себебі ол сол елдің азаматы және сол елде тұрақты тұратындығын алға тартты.

*Мукалиевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіздер.*

*Басқа да нұсқаларды қарастырып, талқылаңыздар.*

*3.*Каверин «Қарлығаш» туристтік фирмасының менеджері болғандықтан шетелге жұмыс бабындағы тапсырмасымен іс- сапарға жіберілді. Автобуспен Германияға бара жатқан жолда ол Ресей аумағында бұзақылық қылмысын жасайды.

*Қылмыстық заңды аумақтық бойынша қолдану қалай шешіледі?*

*Талқылауға басқа да нұсқаларды құрастырыңыз.*

## 2-тақырып

## Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы (қылмыс пен қылмыстық теріс қылық). Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.

**Тәжірибелік 1 – сағат**

Сабақ мақсаты: магистранттарға қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамына қатысты мәселелерді сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

**Тапсырмалар:**

Доцент С. М. Иманбаев, з.ғ.к., профессор Р. Б. Құлжақаева, з.ғ.к., Д. С. Темирова, з.ғ.к., Г. Ж. Мұхамадиева, Ө.А. Тұрғанов «Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері» атты арнайы курс бойынша жаттығулар жинағы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011. Есептерді шешу және талқылау.

1. Савин автобуста келе жатып жанында тұрған азаматшаның сөмкесіне қолын салып автобус билеті ғана бар кошелек ұрлап алған.

*Қылмыстың объектісін анықтаңыз. Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Осин мен Топаров кафедра бөлмесінен бірнеше курстық жұмыстарды жымқырып алып, оларды сырттай оқу бөлімінің студенттеріне сатпақ болады.

*Осин мен Топаровтың әрекеттерін қылмысқа жатқызуға бола ма? Егер ол қылмыс болса, онда оның объектісін анықтаңыз. Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## 3-тақырып

## Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігі

**Тәжірибелік 1 – сағат**

Сабақ мақсаты: магистранттарға қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігіне қатысты мәселелерді сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

**Тапсырмалар:**

Доцент С. М. Иманбаев, з.ғ.к., профессор Р. Б. Құлжақаева, з.ғ.к., Д. С. Темирова, з.ғ.к., Г. Ж. Мұхамадиева, Ө.А. Тұрғанов «Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері» атты арнайы курс бойынша жаттығулар

жинағы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011. Есептерді шешу және талқылау.

І. Бұрын сотталған Мафиозов мас күйінде азамат Османовтың «Ауди 100» автокөлігінің терезесін сындырып «JVC» атты авто үнтаспасын жұлып алуға тырысқан. Оны көріп қалған Османов автокөлігіне жүгіріп келіп Мафиозовты ұстап қалуға тырысады. Алысу кезінде Мафиозов пышақ алып шығып, Османовты екі рет жарақаттады. Соның салдарынан соңғының денсаулығына ауыр зардап келтірілді.

*1. Пышақ суық қару болып танылады ма?*

*2. Қылмыс көптілігінің түрлерін анықтаңыз?*

*3. Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

ІІ. 2015 жылы 20 ақпанда Есентаев өзінің үйінің ауласында бұзақылық ниетпен Өскембаевты аңшы қаруынан атады, соның салдарынан Өскембаев қайтыс болады. Келесі күні Есентаевты ұстау кезінде ол полиция қызметкерлеріне қарсылық көрсетіп, полиция сержанты Сартаевтың денсаулығына ауыр зардап келтіреді.

*1.Қылмыс көптілігінің түрін анықтаңыз?*

*2.Қылмыс көптілігінің бріккелкі қылмыстан айырмашылығы неде?*

*3.Талқылауға басқа да нұсқаулар құрастырыңыз.*

## 4-тақырып.
## Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу туралы ілім. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу түрлері. Топ болып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығы.

**№1.Тәжірибелік 1 – сағат**

Сабақ мақсаты: магистранттарға қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігіне қатысты мәселелерді сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

**Тапсырмалар:**

Доцент С. М. Иманбаев, з.ғ.к., профессор Р. Б. Құлжақаева, з.ғ.к., Д. С. Темирова, з.ғ.к., Г. Ж. Мұхамадиева, Ө.А. Тұрғанов «Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері» атты арнайы курс бойынша жаттығулар жинағы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011. Есептерді шешу және талқылау.

1. Максимов, Орлов, Иванов, және Юрин – Максимовтың әйелімен кездесіп жүрген Петровтан кек алу мақсатында түнгі уақытта оған, біреуі – балғамен, келесісі таспен, үшіншісі – кастетпен, төртіншісі – пышақпен

каруланады да жабылып ұрады. Алған жарақатынан Петров қайтыс болады. Сот – дәрігерлік сараптамасының қорытындысында, жәбірленушіге әртүрлі құралдармен басына соққылар жасалғаны, желке сүйегінің аумағындағы жарақаттан өлгенін көрсеткен. Сот оның зақымы Орловтың балғамен ұрған соққысынан келгенін анықтады. Осыдан келе Орлов – орындаушы, ал қалған сотталушылар – көмектесушілер болып табылды делінген.

*1.Соттың шешімі дұрыс па?*

*2.Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

2. Геологтар тобының жүргізушісі Владимиров және сол топтың жұмысшысы Маков тапсырылған бағыттан ауытқып кетіп, жастардың кеші болып жатқан Володаровка селосына автокөлікпен келеді. Ішіп алған олар село азаматтарына тиісіп, балағаттай бастаған және төбелескен. Жергілікті жігіттердің қудалауына байланысты Владимиров пен Маков қашып машинаға мініп село сыртына шығып кетеді. Маков Владимировке селоға қайтып барыполарды қудалаған балаларды машинамен қууды ұсынады. Машинаны артқа қайта бұрып Владимиров селоға кіреді де үлкен жылдамдықпен село тұрғындарын қуады. Кузовта отырған Маков балағаттық сөздермен қоса “Бас оларды, бас”, - деп айқайлайды. Машинаны басқара алмай Владимиров талдың қасында тұрған бір топ адамды қағады. Соның ішінде А. Степановтыңденсаулығына ауыр дене жарақатын, И. Сафроновтың денесіне орташа ауырлықтағы дене жарақатын және К. Иванованың денсаулығына жеңіл зақым келтіреді.

*1.Қылмысқа қатысудың түрлерін анықтап, жауаптылық сипатын беріңіздер.*

*2.Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

**№2.Тәжірибелік 1 – сағат**

1.Гузов үнемі жұмысқа кешігіп келіп, өндірістік тәртіпті бұзған, сонымен қатар жұмысшылармен дөрекі сөйлескен. Цех бастығы Киреев Гузовтың тұрақсыз мінез-құлқын бірнеше рет сынаған (ескерткен). Бір күні Гузов цехқа мас күйінде келгенде, Киреев оны жұмыстан босатады. Зауыттың аумағынан шыққанда Гузов асханаға кіреді, онда зауытта бірге істеген Прохоровпен кездеседі. Онымен бірге арақ ішу барысындаГузов Киреевтің әрекеттерін Прохоровқа айтып, арыздана бастайды. Прохоров арызына жауап беріп, “Ал сен оны жақсылап соғып алсаң өзі орнына келеді, түсінетін болады”- дейді.Содан Гузов ауысымның соңына қарай жұмыс алдына келіп Киреевті күтіп алады және онымен түсінісуге кіріседі, ол сен массың, сенімен сөйлеспеймін дегенде Киреевке шабуыл жасап, оны қатты ұрып тастайды.

*1.Прохоров азғырушы ретінде жауапқа тартылуы мүмкін бе?*

*2.Азғырушының объективтік және субъективтік белгілерін беріңіздер.*

*3.Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

## 5-тақырып.
## Қылмыстық құқықтағы іс-әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жайлар институтының теориялық және тәжірибелік мәселелері

**Тәжірибелік 1 – сағат**

Сабақ мақсаты: магистранттарға іс-әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жайлар қатысты мәселелерді сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

**Тапсырмалар:**

Есептер жинағы. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім. / ред. жетекшісі Борчашвили И. Ш. – Қарағанды: Қазақстан Республикасының ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 32 бет. Есептерді шешу және талқылау.

І.Калашников Жакуповпен бірге, мас күйінде, Семеновты тоқтатты, және бірнеше рет бетінен жұдырықпен ұрды. Семенов жұлқынап құтылғысы келіп еді, Калашников оны жібермеді, тағы да бірнеше рет бетінен ұрып, оны шарбаққа қысып қылқындыра бастады. Семенов қалтасында бәкісі бары есіне түсіп, оны қолына алып, қорғану үшін, екі рет бәкісімен Калашниковты ұрды. Бірақ соңғы, тағы да, қатты тұншықтыра бастады, осы кезде Жаккупов та оларға жақындап қалды, Семеновты ұрып жығу үшін көмекке келе жатты. Семенов Калашниковқа алты рет пышақ салды, нәтижесінде ол өлді.

*Семеновтың әрекеті қажетті қорғаныс үшін жасады ма? Талқылау үшін әртүрлі нұсқасын келтіріңіз.*

ІІ. Кешке үйіне келе жатқан бокс клубының жаттықтырушы Петровты қараңғы көшеде екі бейтаныс тоқтатты. Шабуылдан сезіктенген Петров бейтаныс біреуінің бетінен жұдырықпен ұрады да, екіншісін қолын бұрап полицияға алып келеді. Сұрау кезінде екі белгісіз Кожевников пен Акбаев қаланың қонақтары екені, Петровтан жақын маңайдағы көңіл көтеретін орынға қалай бару керек екенін білмек болғаны анықталды.

*Қажетті қорғаныс, жалған қорғаныс, кешіккен қорғаныс деген ұғымдарды ашыңыз. Олардың қандай түрлері бар? Петровтың әрекеті жалған қорғаныс үстінде жасалды деп тануға бола ма? Оның жауапкершілігі қалай шешілуі тиісті? Талқылау үшін әртүрлі нұсқалар келтіріңіз*

## 6-тақырып
## Жазаның түрлері. Жаза тағайындау.

**№1.Тәжірибелік 1 – сағат**

Сабақ мақсаты: магистранттарға жазаны тағайындауға қатысты мәселелерді сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

**Тапсырмалар:**

Есептер жинағы. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім. / ред. жетекшісі Борчашвили И. Ш. – Қарағанды: Қазақстан Республикасының ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 32 бет. Есептерді шешу және талқылау.

1. Кесеров қойманың меңгерушісі жұмысында жүріп, өзінің қызмет жағдайын пайдаланып, мүлікті ұрлағаны үшін Қазақстан Республикасының ҚК 189-бабының 2-бөлігінің «3» тармағымен екі жылға бостандығынан айыруға түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге, сауда ұйымдарда қызмет міндетін атқару құқығынан айыру жазасы тағайындалған. Кесеров бұрын өлтіруге қауіп туғызғаны үшін бостандығынан айыру жазасына сотталған, соттылығы жойылған.

*Кесеровке белгіленген жаза дұрыс па? Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.*

2. Соттың үкімі бойынша Абдеев Қазақстан Республикасының ҚК 120-бабының 1-бөлігіне сәйкес 5 жылға бостандығынан айрылды. Қазақстан Республикасының ҚК 120-бабы, 1-бөлігінде қарастырылған жоғары жазаны тағайындауда сот жауапкершілік пен жазаны ауырлататын жағдайларға жүгінді. Сот үкімінің жазаны негіздеуге қатысты бөлігінде Абдеев ауыр қылмыс жасауға өзін кінәлі деп мойындамай, жасаған ауыр қылмысы үшін өкінбейтіндігін, бұл сияқты қылмыстың көп таралғандығына жүгінді деп көрсетілген. Сонымен қоса сот Абдеевтің бұрын сотталмағандығын, оның асырауында жеткіншек үш баласы бар екендігін және жұмыс орнынан жағымды мінездемесі сияқты жеңілдетілген жағдайларды қарастырмаған.

*Сот үкімі дұрыс па? Соттың заңда көрсетілмеген жеңілдету және ауырлату сияқты жағдайларына жүгінгені дұрыс па?*

**№2.Тәжірибелік 1 – сағат**

1. Сот 16 жасар Теребиловты қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтірген – деп, алты жылға бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, тәрбиелеу колониясының күшейтілген режимінде өтеуге үкім шығарды.

*Сот үкімі заңды ма? Сот Теребилов 18 жасқа толғаннан кейін жазасын өтеуге түзеу колониясының жалпы режиміне ауыстыруын белгілей ала ма? Талқылауға басқа да нұсқалар құрыңдар.*

2. Бочкарев үш жылға бостандығынан айыру жазасына сотталып, түзеу колониясының қатаң режимінде өтілуі көрсетілген. Бочкарев бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған.

*Бочкаревтың түзеу колониясының қатаң режимінде өтеу мерзімін тағайындауды сот дұрыс шешті ме? Нұсқа құрастырып, талқылау қажет.*

## 7-тақырып
## Қылмыстық жауаптылықтан босату.

**Тәжірибелік 1 – сағат**

Сабақ мақсаты: магистранттарға қылмыстық жауаптылықтан босату мәселелерді сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

**Тапсырмалар:**

Есептер жинағы. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім. / ред. жетекшісі Борчашвили И. Ш. – Қарағанды: Қазақстан Республикасының ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 32 бет. Есептерді шешу және талқылау.

I. Дәрігердің қабылдауында отырған Маханов оның жоқтығын пайдаланып, 2800 теңге тұратын тонометрді ұрлап кетеді. Прокуратура бұл іс бойынша іс қозғауға рұқсат бермеді, себебі оның әрекетінің елеулі маңызы болмағандықтан оны қоғамдық қауіпті емес және ұрлықтың формальды белгілері ғана бар екендігін алға тартты.

*Әрекеттің елеулі маңызы болмауы қылмыстық жазадан босатуға негіз бола ма әлде жауапкершіліктен босатады ма? Талқылауға басқа да нұсқалар келтіріңіз.*

